



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПРЕЗИДЕНТ ВАШИНГТОНДАҒЫ ОТАНДАСТАРЫМЫЗБЕН КЕЗДЕСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттарына сапары барысында Вашингтонда білім алып жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті.

Мемлекет басшысы жүздесу барысында өскелең ұрпаққа үлкен үміт артатынын айтып, жастарға ұдайы қолдау көрсетіп, жан-жақты дамуына және қабілет-қарымын ұштауға қолайлы жағдай жасайтынын жет-

кізді. Сондай-ақ наурыз айында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша өтетін жалпыхалықтық референдумның ел болашағы үшін тарихи маңызы зор екеніне назар аударды. Студенттер мен жас зерттеушілер ғылым және білім саласына жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдірді.

АҚОРДА



Кентау полициясы
қырағы қызметте



Талап бар
жерде –
тіл тұғырлы



Алименттік
міндеттемені
орындамағандар
жазасыз қалмайды

ТҮЛҒА

Өткен жылдың шымылдығы жабылар тұста Президент Қ.Тоқаевтың жарлығымен елдің батыр перзенті Бауыржан Момышұлына «Халық Қаһарманы» атағы ресми берілді. Бұл шын мәнінде халқымыз асыға, сарыла күткен шешім болатын.

ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ

НЕМЕСЕ ИЕСІН КЕШ ТАПҚАН АТАҚ



«Ресми» сөзінің қолданылуына қаттырақ мән беріп отырғанымыздың да өз қисыны бар. Ел ішінде соншама сөз болған, тіпті, мемлекеттік маңызды мәселеге айналған, бұрынғы одақ деңгейінде батырлығы айқын танылып, мойындалса да, соншама созбұйдаға салынып, созылып келген мара-

паттың нағыз иесін таппай келуі кімді де болса қыжылтқаны рас. Жарайды одақ кезіндегі жағдайды жақсы білеміз, одақ басшыларына, қорғаныс министрлері Гречко, Язовтарға оның империялық өктемдікке қарсылығы, фамилиясын да өзгерткісі келмей, «Момышов» аталудан бас тартуы – шектен шыққан бассыздық, тіпті, асқынған ұлтшылдық болып танылғандығы түсінікті. Сол кездерде Баукеңнің мұндай әрекеттері республикадан тыс аймақтар үшін ғана емес, тіпті, өз ішімізде де ессіздік, қасарыспа қынырлық болып танылғаны жасырын емес. Мұны да сол баяғы сүйегімізге сіңіп қалған құлдық сананың салқыны демеске лажымыз жоқ. Десек те халықтың өзі әлдеқашан «қаһарман» атандырған, батыр Баукең деп еркелеткен ел перзентіне ресми түрде «Халық Қаһарманы» атағының жылдар бойы берілмеуін немен түсіндіріп, ақтауға болады?!

Табиғатымыз қазақы болғандықтан, жылт еткен жақсылыққа жүрегіміз жарылардай қуанамыз, көпшілікпен бөлісуге дайын тұрамыз. Әрине, жақсылықтың жаршысы болғанға не жетсін?! Баукеңдей дара тұлғаға көзі тірісінде берілмеген марапаттың енді берілуін неге жар салып айтпасақ, қуанышты неге елдің назарына салмасақ! Халық еңбектің еш кетпейтінін білуі, түсінуі керек қой.

Әлдебір өнер иелерінің, спортшыларымыздың бір сәттік жеңісін аспандатып жатамыз, бесіктен белі шықпаған жастарымызды қол жеткен табысы үшін қошеметке бөлейміз.

(Жалғасы 5-бетте)

СӨТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Үнзила ШАПАК, Парламент Мәжілісінің депутаты,
Конституциялық комиссияның мүшесі:

«ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ МОЙЫНДАЛУЫ ӘДІЛЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕЙДІ»

– Үнзила Шапақызы, Конституция жобасында «Әділетті Қазақстан» идеясы бекітілмек. «Әділет» ұғымы құқықтық категория ретінде қалай өлшенеді?

– «Әділет» ұғымын тек моральдық не саяси категория ретінде қабылдау – қазіргі конституционализм талабына сай емес. Құқықтық мемлекетте әділет – нақты өлшенетін, құқықтық мазмұны бар конституциялық категория. Конституция жобасында ол «әділеттілік, заң мен тәртіп» сияқты іргелі қағидаттармен сабақтастырыла отырып, мемлекеттің бүкіл құқық қолдану практикасына қойылатын нақты талаптар жиынтығы ретінде көрініс табады. Бұл тұрғыда «Әділетті Қазақстан» идеясы мемлекеттің билікті тек процедуралық заңдылықпен емес, мазмұндық әділет өлшемімен шектеуге ұмтылысын білдіреді. Әділеттің басты критерийі – заң алдындағы теңдік пен кемсітпеуге жол бермеу. Әділеттілік қоғам мүшелерінің барлығына бірдей құқықтық өлшем қолданылғанда ғана орын алады. Теңдік қағидаты – әділеттің ең негізгі «өлшеуіші».

Екінші өлшем – құқықты қорғаудың тиімділігі және сотқа қолжетімділік. Егер азамат өзінің бұзылған құқығын шынайы қорғай алмаса, құқықтың қағаз жүзіндегі мойындалуы әділетті қамтамасыз етпейді. Сондықтан әділет азаматтың құқығын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен қорғау мүмкіндігімен, соның ішінде сот арқылы қорғану құқығының нақты жүзеге асуымен өлшенеді. Бұл жерде мәселе тек сотқа «бару құқығында» емес, сотқа жүгінудің қолжетімділігі мен нәтиже беретін құқықтық қорғанысқа айналуында.

Үшінші өлшем – мемлекеттік шешімдердің негізділігі, болжамдылығы және құқықтарды

шектеудің қатаң стандарты. Құқықтық мемлекетте билік азаматтың еркіндігін «кең түсіндірілетін мүддемен» оңай шектей салмауы тиіс. Сондықтан адам құқықтарын шектеу тек ерекше жағдайда ғана, міндетті түрде заңмен көзделіп, қажетті болып, пропорционалды сипатта болғанда ғана мүмкін. Мемлекеттік шешімдердің қисынды дәлелге сүйенуі, бірізді болуы және азамат үшін алдын ала болжануы – әділеттің маңызды өлшемі, өйткені құқықтың өзі адамдарға «ереже тұрақтылығын» ұсынуы керек.

Төртінші өлшем – тәуелсіз және әділ сот төрелігі. Әділеттіліктің ең нақты тексерілетін алаңы – сот. Судьяның тәуелсіздігі, сот қызметіне араласуға тыйым салу, дәлелдемелердің заңдылығы, заңсыз алынған дәлелдің күші болмауы, күмәннің айыпталушы пайдасына түсіндірілуі сияқты қағидалар әділеттің нақты мазмұнын құрайды. Өйткені әділет – тек «дұрыс шешім» туралы емес, сол шешімге әкелетін процестің әділдігі туралы да ұстаным. Демек «Әділетті Қазақстан» идеясы Конституция жобасында жалпы декларация емес, мемлекеттік билікке, құқық қолдану тәжірибесіне және сот төрелігіне қойылатын нақты өлшемдер жүйесі ретінде түсіндіріледі.

– Жоба мәтінінде адам құқықтары «ең жоғары құндылық» деп танылады. Бірақ практикада мемлекеттік мүдде әлсіз бағым түседі. Бұл қайшылықты қалай жоюмыз?

– Бұл тек Қазақстанға ғана емес, көптеген елге ортақ мәселе. Оны конституциялық стандарттар мен институционалдық тежегілік тепе-теңдік арқылы ғана еңсеруге болады.

(Жалғасы 4-бетте)

КОНСТИТУЦИЯ: ШҚІР.ҰСЫНЫС.ТАЛҚЫ

«Әділеттілік. Заң мен тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау» секілді қағидаттар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілгендіктен, дайындалып жатқан жаңа заң жобасына адами капитал мен азаматтардың жетістіктерін көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс бойынша өз ойым мен ұсыныстарымды білдірсем деймін.



ТАБИҒАТҚА ҰҚЫПТЫ ҚАРАЙЫҚ!

34-баптың 1-тармағында «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға» делінген. Осы тұрғыда бұл заң талаптарына эколог маман және ЖОО-да қоршаған ортаны қорғау саласынан 20 жылдан астам студент, магистранттар мен докторанттарға дәріс оқып келе жатқан қауымдастырылған профессор ретінде келісемін. Дегенмен осы баптың 1-тармағына қосымша 1.1-тармақша ретінде «ҚР кез келген азаматы экологиялық тәрбие, мәдениет пен білім ала отырып, экологиялық талаптарды орындауға міндетті және оларды экологиялық біліммен қамтамасыз ету ісімен тиісті уәкілетті органдар айналысады» деп қосуды ұсынамын. ҚР әрбір азаматына қоршаған ортаны сақтауға қатысты заң талаптарын жан-жақты түсіндіру жұмыстарына басымдық беріп, оның орындалуын нақтылау қажет. Ол үшін Оқу-ағарту министрлігі экология сабақтарын балабақшалар, мектептер мен колледждерде тек факультативті сабақ ретінде емес, арнайы экологиялық пән ретінде оқытуды қолға алғаны дұрыс. Мектеп пен колледждерде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сәйкесінше әр сынып пен курстарда «Экологиялық мәдениет», «Экологиялық білім» және «Экологиялық тәрбие» ұғымдарына жіті мән беріп, оқыту ісі қолға алынуы тиіс.

Ал Қазақстандағы ЖОО-да «Экология және тұрақты даму» пәндерін орнықты түрде барлық мамандықтар үшін міндетті оқыту пәні ретінде жоспарға енгізген жөн. Ғылым және жоғары білім министрлігі мұны ұдайы қадағаласа. Себебі, мемлекетімізде орындалатын заңдармен бірге ратификацияланған халықаралық шарттардың орындалуын ескерсек, онда «Экология және тұрақты даму» мақсаттарының орындалуына аса үлкен мән беру міндетті және тиісті емес пе? Олай дейтінім, Қазақстандағы БҰҰДБ бойынша

«Тұрақты даму мақсаттарының» «Сапалы білім беру» мақсатын түбегейлі орындалуын ескерсек, онда неге ЖОО-да оқытылатын «Экология және тұрақты даму» пәндері міндетті емес, таңдау пәні ретінде оқытылып жатыр?

Әрине, қазіргі таңда заң жобасында келтірілген «Қоршаған ортаны ұқыпты қарау мен тазалықты сақтау» мәселесі бойынша оқыту мен тәрбие беру ісіне балабақшадан бөлек, мектептердің өзінде факультативті қосымша сабақ ретінде оқытылатынын өзекті мәселе деп жеткізім келеді. Өлгі жақында ғана әлеуметтік желілерді шулатып жатқан Шымкенттегі мектептерде педагогтардың артық мөлшерде жүктемені орындауы бойынша шыққан даулы мәселесінің басында экологиялық сабақтарды жәй ғана қосымша сағат ретінде қарастыратынын, ол мектеп басшысы көмекшілерінің өздерінен артылмағанын және экологиялық білім мен тәрбиенің балаларға тиянақты білім түрінде беріле бермейтінін, керісінше бұл экология пәнінің «Мектеп табалдырығын төсеніші» секілді нақты арнайы пән түрінде айтылусыз және талқылана бермейтін «әңгіме» түрінде қалып қойып жатқаны, бәлкім содан болар?!
Одан бөлек, мектептерде жыл сайын оқу жүйесінде талап етілетін ғылыми жобалар бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулер, сол мектептің өзінде арнайы экологиялық пән ретінде іргетасын қалай отырып, жүйелі түрде оқытыла бастаса, бірақ тек білім теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық жағынан мақсатты құрылған «Табиғатты экологиялық түрде зерттеу» түріндегі зертханалық аудиториялар ашылса, онда экология саласында оқып, ЖОО тәмамдаған жас мамандардың келешекте жұмыспен қамтылу көрсеткіші де артар еді, тиісінше экологиялық білім мен мәдениетке ұмтылған тәрбиелі ұрпақтың саны да көбейер еді.

Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, елді қорғау – қолыңа қару алып емес, қайта өзін оқитын мектептің еденін өз қолыңмен сүртіп, орта тазалығына ерекше сүйіспеншілікпен қарайтын Жапония секілді алпауыт елдердің мәдениетіне сүйенуден тұратын шығар?

Сондықтан менің ойым: қоғамның әрбір мүшесіне экологиялық білім, мәдениет пен тәрбие беру ісін жәй ғана ауызекі тілде айта салмай, тиісті заңның орындалу тармақтарын жан-жақты насихаттауға көңіл бөлінгені дұрыс. Өйткені қазіргі өмір сүріп отырған қоғамда табиғи орта мен айналаның тазалығына мән беру, оған барынша ұқыпты қарау және кез келген мүлкіті дұрыс сақтау тұрғысында азаматтардың арасынан табиғат тазалығына немқұрайлы көзқарас табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігінің аздығы, тіпті жоқтығынан.

Мойындау керек, заң әлсіз бе, әлде біз бе? Міне, бұл басты мәселе!

Үлкен қалаларда тұратын кейбір азаматтардың көп қабатты үйлердің алаңшалары мен қоқыс тастайтын жәшіктерге тұрғын үйлерден шығарылатын тиесілі заттарды дұрыс тастамау салдарынан, адам өмірі мен денсаулығына келтірілетін зияны мен қоршаған ортаға түсетін экологиялық залалдары күн сайын артып келеді. Бұл ретте 34-бап, 3-тармақта «Адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келеді» делінген.

Дегенмен, осы баптың аталған тармағы бойынша сөйлем құрылымын арнайы мамандар қайта қараған дұрыс немесе «Адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін фактілердің» түрлерін жеке тұлғаларға қатысты нақтылау керек болар деп ойлаймын. Сонда осы 34-баптың 2-тармағы бойынша «Мемлекет адамның өмір сүруіне және денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді» деген заң талабы түсініктірек болар еді.

Экологиялық оқыту мен білім беру ісін инновациялық ақпаратпен қамтамасыз етуді жоғарыда аталған тиісті уәкілетті органдар қарастыру керек дей отырып, төмендегі ұсынысты жолдаймын:

1. 34-бап, 1.1-тармақша ретінде «ҚР-ның кез келген азаматы экологиялық тәрбие, мәдениет пен білім ала отырып, экологиялық талаптарды орындауға міндетті және оларды экологиялық біліммен қамтамасыз ету ісімен тиісті уәкілетті органдар айналысады» деп қосылса, онда осы 34-баптың 2- және 3-тармақтары бойынша заң талаптарының орындалуына мұрындық болар еді.

Асқан ҚҰТЖАН,
эл-Фараби атындағы
ҚазҰУ География және
табиғатты пайдалану
факультетінің доценті

ЭТИКА НОРМАЛАРЫ

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ИМИДЖІ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Сот жүйесінің имиджі құқықтық мемлекеттің тиімді қызмет етуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Сот билігінің беделі мен қоғамдық сенім деңгейі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің қамтамасыз етілуіне тікелей әсер етеді.

Қазіргі кезеңде сот жүйесінің имиджін нығайту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда. Сот жүйесінің қызметі ашықтық, әділдік, заңдылық және кәсіптік қағидаттарына негізделуі тиіс. Сот жүйесінің оң имиджін қалыптастыру төмендегі негізгі бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

Біріншіден, сот төрелігінің әділ әрі объективті жүзеге асырылуы. Сот шешімдерінің заң талаптарына толық сәйкес келуі сот жүйесіне деген сенімді арттырады.

Екіншіден, сот қызметінің ашықтығы мен жариялылығы. Сот отырыстарының ашық өткізілуі және ақпараттың қолжетімділігі қоғам тарапынан бақылауды күшейтіп, сот жүйесінің беделін нығайтады.

Үшіншіден, судьялардың кәсіби даярлығы мен этикалық жауапкершілігін арттыру. Судьялардың біліктілігі мен адалдығы сот жүйесінің сапалы қызмет көрсетуінің негізгі шарты болып табылады.

Төртіншіден, сот жүйесін цифрландыру. Электрондық

сот қызметтерін енгізу, ақпараттық технологияларды пайдалану сот төрелігінің тиімділігін арттырып, азаматтарға қолайлы жағдай жасайды.

Бесіншіден, қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды дамыту. Сот жүйесінің қызметі туралы объективті ақпарат тарату оның имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда сот жүйесін дамытуға бағытталған кешенді реформалар жүзеге асырылуда. Судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сот рәсімдерін жетілдіру және цифрлық технологияларды енгізу бойынша нақты шаралар қабылданды. Аталған өзгерістер сот жүйесінің тиімділігін арттырып, қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуға бағытталған. Сот жүйесінің оң имиджі – құқықтық мемлекеттің тұрақты дамуының маңызды шарты. Әділ, ашық және кәсіби сот билігін қалыптастыру мемлекеттік органдардың, құқықтық институттардың және азаматтық қоғамның бірлескен қызметін талап етеді. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар сот жүйесінің беделін арттыруға және құқықтық мәдениетті дамытуға мүмкіндік береді.

Ғ.ТӨЛЕУХАН,
Тарбағатай аудандық соты
әкімшісінің басшысы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

15 НАУРЫЗ
МАРТА

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

2026 ЖЫЛДЫҢ 15 НАУРЫЗЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылады. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

СОТ ӘДЕБИ

АБЫРОЙ – ЕҢ ҚЫМБАТ КАПИТАЛ

Сот билігінің қоғам алдындағы беделі ең алдымен әр судьяның кәсіби біліктілігімен ғана емес, оның әдебі мен мінез-құлқына да тікелей байланысты. Судья өдебі – бұл тек моральдық талап емес, ол сот төрелігін жүзеге асырудың ажырамас бөлігі, сотқа деген сенімнің басты кепілі.

Қазақстанда судьялардың қызметі мен мінез-құлқына қойылатын талаптар ҚР Конституциясы, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы және «Судьялық әдеп» кодексі арқылы реттеледі. Судьялық әдеп кодексі кәсіби-әдеп өлшемдерінің жиынтығы ретінде сот төрелігін жүзеге асыруда және соттан тыс қызметтегі мінез-құлқтың судья үшін міндетті қағидаларын белгілей отырып, сот және судья әдебі нормаларын бұзу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқтың кәсіби әдептік стандартын айқындайды. Аталған нормативтік актілер судьялардың тәуелсіздігін, бейтараптығын, адалдығын және кәсіби жауапкершілігін айқындайды.

Біріншіден, тәуелсіздік. Судья қандай да бір сыртқы ықпалға жол бермеуі тиіс. Заң мен ар-ождан – судьяның жалғыз бағдаршамы. Екіншіден, бейтараптық пен әділдік. Судья тараптардың әлеуметтік мәртебесіне, қызметіне немесе жеке көзқарасына қарамастан, барлық істі заң талаптарына сәйкес, объективті түрде қарауға міндетті.

Үшіншіден, адалдық пен парасаттылық. Судья өзінің қызметтік және қызметтен тыс мінез-құлқында жоғары мәдениет пен ұстамдылық танытуы қажет. Себебі қоғам судьяны тек сот залында ғана емес, күнделікті өмірде де сот билігінің өкілі ретінде қабылдайды. Төртіншіден, кәсіби құпияны сақтау. Іс материалдарына қатысты

мәліметтерді жария етуге жол берілмейді. Бұл – сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз етудің маңызды кепілі.

Сотқа жүгінген әрбір азамат ең алдымен әділдік іздейді. Ал әділдікке деген сенім судьяның кәсібилігімен қатар, оның әдебіне де байланысты қалыптасады. Судьяның сыпайылығы, тараптарға тең көзқарасы, процессті мәдениетті жүргізуі сот билігінің беделін арттырады.

Судья әдебін сақтау – тек заң талабы ғана емес, бұл – қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік. Әрбір қабылданған шешім, әрбір айтылған сөз сот билігінің абыройына әсер етеді. Сондықтан судья өз әрекеті арқылы сот төрелігінің әділ, ашық әрі қолжетімді екенін дәлелдеуі тиіс.

Сот билігінің беделі – мемлекет тұрақтылығының маңызды көрсеткіші. Судья әдебін қатаң сақтау арқылы ғана біз азаматтардың сотқа деген сенімін нығайта аламыз.

Жалпы, бүгінгі таңда өркениетті елдерде қалыптастырылған өлшемдер негізінде таразыласақ, сот төрелігінің әділдігі және судья әдебі кез келген елдің кемел болмысының көрінісі болып табылады. Сондықтан, әділдіктің айнаым жолында тер төккен қазылар судья әдебінің нормаларын қатаң ұстануы қажет.

Судьяның кәсіби абыройы – оның ең қымбат капиталы. Ал сол абыройдың негізі – жоғары әдеп, адалдық және заңға деген шексіз құрмет.

Е.ШЕКЕРБЕКОВ,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

БІЛІМ

Елімізде ҰБТ-ға шамамен 184 мың талапкер қатысса, Алматыда 26 мыңнан астам адам тест тапсырған. Түлектердің басым бөлігі шекті балды өңсерді. ҰБТ-2026 қалай өткенін өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының Алматыдағы бөлімшесінің жетекшісі Жұмабике Сұлтанова баяндады.

ҰБТ: ТҮЛЕКТЕР АЛҒАШҚЫ СЫНАҚТЫ ТАПСЫРДЫ

Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, қаңтардағы ҰБТ-ны Қазақстанда 75%-ы қазақ тілінде, 25%-ы орыс тілінде тапсырған, тағы 113 адам ағылшын тілін таңдапты. Шекті балды 68%-ы жинады, орташа көрсеткіш 64 балды, ең жоғары нәтиже 138 балды құрады. Ең танымал пәндер «Математика – Физика» болды. Оны 19,2%-ы таңдаған. Екінші орында «Биология–Химия» – 16,8%, үздік үштікке «Шығармашылық емтихан» – 9,8% кірді.

«Қаңтардағы ҰБТ талапкерге дайындығын бағалап, сынаққа психологиялық тұрғыда әзірленуге мүмкіндік береді. Біз түлектердің тұрақты нәтиже мен пәндік комбинацияларды саналы түрде таңдағанын байқап отырмыз. Барлық сертификат жеке кабинетте тұр, Республикалық апелляциялық комиссияның жұмысы осымен аяқталды», – деді Жұмабике Сұлтанова.

Талапкерлер тест тапсырмасының мазмұны бойынша тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде, техникалық себептер бойынша апелляцияға

шағым бере алады. Барлығы 19 мыңға жуық өтініш түсіп, оның ішінде екі бірегей тест тапсырмасы бойынша апелляциялар қанағаттандырылды. ҰБТ барысында ерекше білім беруге мұқтаж талапкерлерге қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлінді. Елімізде тестілеуге осындай 446 талапкер қатысқан. Қазақстан бойынша ҰБТ-2026 өткізу кезінде 320 құқықбұзушылық тіркелді. Смартфондар, шпаргалкалар мен басқа да тыйым салынған заттарды алып кірмек болған 198 адам тестілеуден шеттетіліп, тағы 120 талапкер ережені бұзғаны үшін аудиториядан шығарылып, нәтижелері жойылды. Бөгде тұлғалардың сынаққа қатысқаны анықталған жоқ. Алматыда ҰБТ-ға 26 мыңнан астам талапкер қатысты. Олардың 66%-ы тестілеуді қазақ тілінде, 34%-ы орыс тілінде тапсырса, 33 адам ағылшын тілін таңдаған. Қала бойынша шекті балды қатысушылардың 72%-ы жинады, орташа нәтиже 65 балды, ең жоға-

ры балл 136 болды. Тестілеуге ерекше білім беру қажеттілігі бар 61 талапкер қатысты.

«Алматыда шекті балды өңсеру көрсеткіші айтарлықтай жоғары екенін атап өтеміз, бұл түлектердің

сапалы дайындалғанын көрсетеді. Сонымен қатар, ережелердің сақталуын бақылау жағы да қатаң болып қалды. Тестілеудің барлық кезеңін бейнекамералармен бақылап отырды, енді жазбаларды талдау 31 қазанға дейін жалғасады», – деп атап өтті Жұмабике Сұлтанова.

ҰБТ өткізу кезеңінде Алматыда 40 құқықбұзушылық анықталды. Тыйым салынған заттарды алып кіруге әрекет жасағаны үшін 22 адам тестілеуден шеттетілді, тағы 17 талапкер ережені бұзғаны үшін аудиториядан шығарылды. Бейнежазбаларды тексеру нәтижесінде бір сертификаттың күші жойылды. Бөгде тұлғалардың қатысу фактілері тіркелген жоқ. ҰБТ-2026 аяқталғаннан кейін ел бойынша бейнежазбаларды талдау 31 қазанға дейін жалғасады. Ереже бұзушылық немесе тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда тестілеу нәтижесі жойылады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

ШЕТЕЛДІК ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕННЕН ТАУАР АЛАТЫНДАРҒА ЖАҢА САЛЫҚ ЕНГІЗІЛМЕК

Енді халықаралық пошта жөнелтілімдері немесе тасымалдаушылар арқылы жеткізілетін интернет-сатып алулар «жеке пайдалануға арналған тауарлар» ретінде емес, «электрондық сауда тауарлары» деген жеке санатқа жатқызылады. Осыған байланысты мұндай тауарлар жаңа құжат – «электрондық сауда тауарларына арналған декларация» арқылы міндетті түрде кедендік декларациялауға жатады.

Сатып алушылар декларацияны өздері толтырмайды. Барлық рәсімді олардың атынан «электрондық сауда операторлары» жүргізеді. Яғни, тауарды алу тәртібі өзгермейді: сатып алушы сәлемдемені беру пунктінде алады немесе жеткізіп беру қызметін пайдаланады. Негізгі өзгерістер бажсыз әкелу шегінен асатын тауарларға қатысты болмақ. Қазіргі қолданыстағы норма бойынша, 200 еуродан (шамамен 120 мың теңге) асатын бөлігіне 15% мөлшерінде кедендік төлем алынады. Сондай-ақ сәлемдеме салмағы 31 килограмнан асқан жағдайда әр килограммы үшін кемінде 2 еуро төленеді.

Жаңа түзетулер күшіне енгеннен кейін кедендік баж мөлшерлемесі өзгереді. Егер тауардың құны 200 еуродан асса, онда толық құнының 5%-ы мөлшерінде баж салынады. Бұл ретте 1 килограммы үшін кемінде 1 еуро төлеу талабы сақталады. Яғни, төленетін сома тауардың құны немесе салмағы бойынша есептелген төлемдердің ішіндегі ең жоғарысына тең болады. Бұдан бөлек, 16% мөлшерінде қосылған күн салығы (ҚҚС) алынады.

Сонымен қатар құндық шек бұрынғы деңгейде – 200 еуро көлемінде сақталады. Ал салмақтық шектеу жойылады. Егер сәлемдеме құны 200 еуродан аспаса, жеке тұлғалар бұрынғыдай кедендік төлем төлемейді. Электрондық сауда операторлары тауарларды жеткізуге, сақтауға, кедендік декларациялауға және тапсыруға жауапты болады. Кеден заңнамасына оларды тізілімге енгізу шарттары, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ қызметін тоқтата тұру тәртібі айқындалатын жаңа тарау енгізіледі. Аталған түзетулер Мемлекет басшысы қол қойған Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес жүзеге асырылады. Олар тиісті хаттама барлық мүше мемлекеттерде ратификацияланғаннан кейін күшіне енеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЕСЕП

Кентау қалалық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Шерәлі Әділханұлы тұрғындар алдында есеп беру кездесуін өткізді. Кентау қаласында он екі айдың ішінде құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілген. Есеп беру жиынын қала әкімі Жандос ТАСОВ ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Жиынға қалалық маслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, қалалық полиция бөлімінің қызметкерлері және қала тұрғындары қатысты.

Өткен жылдың он екі айында тәртіп сақшылары атқарған жұмыстың нәтижелері қаралды.

Қалалық полиция бөлімінің бастығы ішкі істер органдарының міндеті – тәртіп сақшылары мен халық арасындағы өзара іс-қимылды жандандыру, полиция қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылатындығын жеткізді. Сонымен қатар, баяндамашы шаһардағы қылмыстық ахуал және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Өткен жылдың 12 айында 378 құқықбұзушылық тіркелген. Оның ішінде қылмыстың саны – 329. Алайда қылмыстың ашылым көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда қалыпты. Қылмыс пен қылмыстық құқықбұзушылық тіркелімі өскенімен, қылмыстардың ашылуы жақсарды. Қылмыстың өсімі анықталуына байланысты жоғарылаған. Ауыр және аса ауыр дәрежелі қылмыстардың ашылуы 90,4 пайызға, орта және ауырлығы орташа дәрежелі қылмыстардың ашылуы 90,4% жақсарған. Жүргізілген нәтижелі жұмыстардың арқасында қасақана кісі өлтіру – 0%-ға (2-де 2); орта дәрежелі дене жарақатын салу – 50%-ға (4-тен 2-ге); тонау – 33,3%-ға (3-тен 2-ге), бопсалау – 50%-ға (4-тен 2-ге); ұрлық – 33,2%-ға (27-ден 18-ге); пәтер ұрлығы – 33,3%-ға (3-тен 2-ге); ұялы телефон ұрлығы – 75%-ға (8-ден 2-ге) аз тіркелген. Қасақана кісі өлтіру, ауыр дәрежелі дене жарақатын салу, ауыр және аса ауыр дәрежелі ұрлық, зорлау, қарақшылық, бопсалау, бұзақылық және тонау қылмыстарының ашылымы – 100 пайызды құрайды, – деді бөлім басшысы.

Қылмыстың 234 дерегі алаяқтық

Тұрғындармен кездесу барысында Шерәлі Әділханұлы қоғаммен өзара байланыс орнату, полиция қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде сөз қозғады. Полиция полковнигі өз баяндамасында өткен жылы орын алған жалпы 329 қылмыстың 234, яғни 71,1 пайызы алаяқтық қылмысы екенін айтты.

Есеп беру кездесуде полиция бөлім басшысы қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі интернет алаяқтық екенін атап өтті. Қалада орын алған қылмыстардың жетпіс пайыздан астамы кибер қылмыс екен. Кездесу барысында алаяқтардан сақтанудың жолын түсіндіру бойынша арнайы дайындалған видеоролик көрсетілді.



«Қауіпсіз қала» атаулы бағдарламасы шеңберінде қалада «Түнгі рейд» өткізілген. Кентау қаласының полиция бөлімі қызметкерлері мен қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен қала жастары мен жасөспірімдері арасында құқық бұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу және кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің түнгі мезгілдерде көшелер мен қоғамдық орындарда беймезгіл жүруін болдырмау мақсатында түнгі рейдтік жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп отырады.

Жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, нашақорлықтың алдын алу, құқық бұзушылыққа бейім жастарды анықтау мақсатында қаладағы ойын-сауық орталықтарында, кафелерде, саябақтарда, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында жүргізілген рейд кезінде ешқандай құқық бұзушылық анықталмаған. Алдағы уақытта да рейд жұмыстары өз жалғасын табатын болады.

Жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізілуде

Профилактикалық жұмыстарды жақсарту мақсатында өткен жылдың басынан қала көлемінде «Құқық тәртіп», «Тұрмыс», «Есептегі элемент», «Қауіпсіз қала», «Броконьер», «Түнгі қала», «Борышкер» «Уылдырық», «Автобус», «Тасымалдаушы» және «Қадағалау» «Учаске» республикалық және облыстық жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізіліп, бірқатар жұмыстар атқарылыпты.

Кентау қалалық полиция бөлімі, прокуратура және қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Есірткісіз жарқын болашақ» форумы өткізілді. Онда қоғамда белең алып отырған мәселелер жайында сөз қозғап, жастарды бұндай жаман әдеттерден аулақ болуға шақырды.

КЕНТАУ ПОЛИЦИЯСЫ ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕ

Зорлық-зомбылықтың алдын алу

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отырған өндірістегі ҚР ҚК-нің 108-1 ұрып-соғу бабы бойынша жалпы саны – 12, ал 109-1 бап денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру бойынша жалпы саны 10 дерек тіркелген. Полиция бөлімінің басшысы Кентау қаласында әйелдерге қатысты жасалатын қылмыстардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарға да тоқталды. Отбасылық тұрмыста әйелдерге қарсы жасалған құқық бұзушылықтар үшін ҚР ӨҚБТК-нің 73-бабы бойынша 37 тұлға жауапкершілікке тартылыпты.

Полиция полковнигінің сөзіне қарағанда өткен жылы орын алған

салдарынан 52 адам дене жарақатын алған, ал 11 адам қаза болған.

– Өздеріңізге белгілі 2025 жылдың 3 ақпан күні күндізгі сағат 12:30 шамасында «Кентау-Түркістан» облыстық тас жолында екі автокөліктің соқтығысуынан орын алған жол көлік оқиғасы салдарынан жалпы 7 адам оқиға орнында қайтыс болып, 3 жолаушы түрлі дене жарақаттарымен Кентау қалалық орталық ауруханасына жатқызылған болатын. Жол көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында, жұма-жексенбі күндері бір нүктелік рейдтік іс-шаралары дрон қолдану арқылы жүргізілуде. Одан бөлек ақпараттық жол белгілері орнатылды. Сонымен қатар, «Қауіпсіз жол» акциясы үнемі ұйымдастырылуда. Патрульдік полиция тобының автокөліктің күндізгі және түнгі ауысымда жол көлік оқиғасы жиі орын алатын аумаққа бекітілген, – деді ол.

Кентау қалалық полиция бөлімі, прокуратура және қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Есірткісіз жарқын болашақ» форумы өткізіліпті. Онда қоғамда белең алып отырған мәселелер жайында сөз қозғап, жастарды бұндай жаман әдеттерден аулақ болуға шақырған.



өкімшілік құқықбұзушылық бойынша 12 980 хаттама толтырылды. Оның ішінде 11 230 хаттамаға қаулы шығарылды, ал 1400-не ескерту қағазы берілді.

Жол көлік оқиғасын азайту маңызды

Ш. Әділханұлы өзекті мәселенің бірі болып отырған жол көлік оқиғасына ерекше тоқталды. Өткен жылдың он екі айында 41 жол көлік оқиғасы орын алған. Осындай қайғылы оқиғаның

Сөз соңында бөлім басшысы «алдағы уақытта құқықбұзушылық пен қылмысқа қарсы күрес барысында жедел-қызмет жұмыстарын күшейтіп, алдын алуға бағытталған жұмыстар атқаруға барлық күш-жігерлерін жұмсайтынын тілге тиек етті. Тұрғындар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, сұрақ қойылды. Қалалық полиция бөлім басшысы сауалдың бірқатарына заң аясында жауап беріп, аталған мәселелердің барлығы дерлік бақылауға алынатынын атап өтті.

Раушан НАРБЕК,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа жоба дәл осы логиканы күшейтеді. Біріншіден, жобада мемлекет құндылықтары анық қойылған. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам және оның өмірі, құқығы мен бостандығы. Бұл бүкіл мемлекеттік аппарат үшін құқықтық бағдар, яғни кез келген шешімнің түпкі өлшемі адамның қадір-қасиеті мен құқығы болуға тиіс. Сонымен қатар, Конституцияның ең жоғары заңды күші бар екені және оның бүкіл аумақта тікелей қолданылатыны бекітіледі. Демек азамат өз құқығын қорғауда Конституцияға тікелей сүйеніп, мемлекеттік органдардан да, соттан да дәл осы өлшемді талап ете алады. Екіншіден, «мемлекеттік мүдде» енді құқықтарды автоматты түрде шектейтін әмбебап сылтау болмауы тиіс, өйткені жобада құқықтарды шектеудің қатаң шарттары бар. Атап айтқанда, құқықтар тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін және бұл шектеудің максаттары да нақтыланған. Одан бөлек, саяси себептермен құқықты шектеуге жол берілмейтіні арнайы көрсетілген және бірқатар құқық ешбір жағдайда шектелмеуі тиіс деп тікелей бекітіледі. Үшіншіден, қайшылықты жоюдың шешуші бөлігі – қорғау тетіктерін күшейту. Жоба азаматтардың құқығы мен бостандығы тумысынан тиесілі, абсолютті және ажыратылмайтын жариялап қоймай, құқықты қорғаудың нақты құралын бекітеді. Әркім өз құқығын заңға қайшы келмейтін тәсілдермен, соның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы. Сот арқылы қорғану құқығы және білікті заң көмегін алу құқығы танылады. Ұсынылып отырған жүйе «мемлекет үшін адам» моделінен «адам үшін мемлекет» моделіне жақындауға бағытталған.

– Зайырлық қағидаты нақты қандай нормалармен күшейтілген? Дінің саясатқа ықпалына шектеу жеткілікті ме?

– Зайырлық қағидаты жобада «жалпы ұстаным» ретінде ғана емес, құқықтық салдары бар нақты нормалар арқылы күшейтілген. Ең алдымен, мәтінде «дін мемлекеттен бөлек» деген қағида бекітіледі және діни ұйымдар қызметі заңға сәйкес жүзеге асатыны, қажет болғанда ол конституциялық құрылыс негізін, адам құқығы мен бостандығын қорғау, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын қорғау мақсатында шектелуі мүмкін екені көрсетілген. Бұл, бір жағынан, мемлекеттің діни бейтараптығын жариялап қоймай, екінші жағынан, дін атын жамылған саяси қысымға немесе радикалдануға қарсы құқықтық «қорғаныс шеңберін» белгілейді.

Саясатқа ықпал ету тәуекелін тежейтін нормалар да анық. Жоба басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының қызметіне жол берілмейтінін, ең маңыздысы – діни негіздегі саяси партияның қызметіне тыйым салынатынын бекітеді. Сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік субъектілердің қаржыландыруына жол берілмейтіні жазылған. Мұның мәні діни ұйымдар қоғам өміріне рухани-мәдени кеңістікте қатыса алып, бірақ билікке ұмтылған ұйымдық-саяси құрылымға айналмауға немесе сыртқы ықпалдың арасына айналмауға тиіс еместігінде. Осы норма зайырлықты тек «идея» емес, саяси жүйені қорғайтын нақты құқықтық шектеу ретінде бекітеді.

Зайырлық мемлекеттің тағы бір тірегі ретінде білім беру саласы да Конституция деңгейінде қорғалады. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, ел аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесінің зайырлық сипаты белгіленген. Бұл талап мектеп пен жоғары оқу орындарының мемлекеттік стандартқа бағынуын, оқу-тәрбие кеңістігінде азаматтарды діни белгі бойынша бөлмеуді және білім берудің бәрине ортақ, бейтарап қағидатқа сүйенуін қамтамасыз етуге бағытталған. Ал «діннің саясатқа ықпалына қойылған шектеулер жеткілікті ме?» деген сұраққа келсек, жобадағы конституциялық негіз жеткілікті әрі теңгерімді деп санаймын. Мемлекет дінді жоққа шығармайды, керісінше барлық азаматтарға тең қараудың құқықтық бейтараптығын қамтамасыз етеді. Діни еркіндік қоғамдық тұрақтылық пен өзге адамдардың құқықтарын бұзбайтын шекте жүзеге асуы керек деген стандарт ұсынылады.

– Сөз бостандығы бойынша шектеулердің ауқымы нақты айқындалған ба? «Ұлттық қауіпсіздік» ұғымы кең түсіндірілсе,



Үнзила ШАПАҚ, Парламент Мәжілісінің депутаты, Конституциялық комиссияның мүшесі:

«ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ МОЙЫНДАЛУЫ ӘДІЛЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕЙДІ»

бұл еркін пікірге қысым тудырмай ма?

– Сөз бостандығына қатысты шектеулер шеңбері жобада белгілі бір дәрежеде нақтыланған, бірақ оның қалай қолданылатынын әрдайым шешуші мәнге ие екенін ашық айту керек. Конституциялық деңгейде сөз еркіндігі негізгі кепілдік ретінде бекітіледі. Яғни, цензураға тыйым салынады, әркімнің ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығы танылады, бұл құқық тек мемлекеттік құпиямен шектелуі мүмкін. Сонымен бірге, сөз арқылы жасалатын қоғамға қауіпті әрекеттерге қатысты тыйымдар да көрсетілді, яғни соғыс, зорлық-зомбылық, ұлтаралық немесе діни алауыздықты қоздыру, конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге шақыру сияқты насихат пен арандатуға жол берілмейді. Демек, жоба еркін пікірді жалпы түрде мойындап қана қоймай, қоғамның қауіпсіздігі мен адамдар құқығын қорғауға бағытталған шектеулер мазмұнын да шолып өтеді. Сонымен қатар, «ұлттық қауіпсіздік» ұғымы тым кең түсіндіріліп кетсе, ол еркін пікір айтуға қысым жасау құралына айналып кетуі ықтимал. Мұндай тәуекел әсіресе құқық қолдану тәжірибесінде көрінеді, өйткені бір ұғымды кеңейте түсіндіру арқылы кез келген сын пікірді «қауіп» ретінде бағалау қауіп туындайды. Бірақ жоба мұндай кеңейіп кетудің алдын алатын жалпы құқықтық сүзгіні де қамтиды: құқықтар мен бостандықтар тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін, яғни әрбір шектеу негізді, мақсатқа сай және шамадан тыс емес болуы керек. Осы жерде пропорционалдылық өлшемі маңызды, өйткені ол «қауіпсіздік» деген жалпылама уәждің орнына дәлелділік пен қажеттілікті талап етеді.

– Конституциялық шағым институты азаматқа нақты мүмкіндік бере ме, әлде рәсімдік кедергілер көп бола ма?

– Кез келген жаңа құқықтық құралдың тағдыры оның мәтінде жазылуымен емес, қалай жұмыс істейтіндігімен шешіледі. Жоба бұл институтты жай символдық жаңалық ретінде емес, азаматтың негізгі құқығын қорғауда тікелей пайдаланатын құқықтық арна ретінде бекітуге ұмтылады. Конституциялық Сот азаматтардың өз өтініші бойынша, егер мәселе олардың Конституцияда көзделген құқығы мен бостандығына тікелей қатысты болса, нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарай алады. Яғни, азамат Конституцияны «алыс тұрған декларация» емес, өзінің нақты жағдайында қолданылатын құқықтық өлшем ретінде іске қоса алады. Жобаның өзінде азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарты конституциялық заңда айқындалатыны арнайы көрсетілген. Демек, Конституция «мүмкіндіктің есігін ашады», ал сол есіктен өтудің қолжетімді жолын кейінгі конституциялық заң айқындайды. Егер өтініш беру тәртібі шамадан тыс күрделеніп, формализм басым болып кетсе, шағым институты

йынша есеп бермейтіні, айыпталушының кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті еместігі, күмәннің айыпталушының пайдасына түсіндірілетіні сияқты қағидалар көрініс табады. Бұған қоса, заңсыз тәсілмен алынған дәлелдің заңды күші болмайтыны және адамды тек өз мойындауына сүйеніп соттауға жол берілмейтіні бекітіледі. Мұның барлығы судьяның шешім қабылдау еркіндігін қорғап қана қоймай, тергеу не басқа тараптардың ықпалымен қалыптасатын қысымсыз, дәлелсіз айыптауды әлсіретеді, соттың тәуелсіздігін процесс ішінде нақты мазмұнмен толықтырады. Үшінші маңызды кепілдік – судьяны жауапкершілікке тарту мен өкілеттігін тоқтату мәселелерінде көрінеді. Судьяның өкілеттігін тоқтату, тек заңда белгіленген негіздермен ғана мүмкін екені, ал судьяны ұстау, күзетпен ұстау немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту ерекше тәртіппен жүзеге асатыны көрсетілген. Яғни, судьяны қызметінен ығыстыру немесе қылмыстық қудалау арқылы қысым жасауға мүмкіндік беретін қарапайым

ұстанымның көрініс табуы маңызды. Бұл норма «жауапкершіліктен қашу» мәдениетіне қарсы қойылған талап: қоғам үшін қауіпті деректерді жасыру әрекеті енді жай тәртіптік қателік ретінде емес, құқықтық салдары бар іс-әрекет ретінде бағалануы керек.

Жоба құқық қорғау органдарының жауапкершілігін бір ғана баппен емес, құқықтың үстемдігіне жұмыс істейтін бірнеше өзара байланысқан кепілдік арқылы күшейтеді. Ол нормалар дәйекті орындалса, «азаматтың құқығын бұзған орган жауапсыз қалмайды» деген қағида біртіндеп нақты құқықтық тәртіпке айналады.

– Сот өндірісі толық қазақ тілінде жүруін қамтамасыз ететін кепілдік бар ма?

– Конституция қағазында сот ісін жүргізудің тілі арнайы жеке баппен «тек қазақ тілінде» деп бекітілмегенін ашық айту керек. Соған қарамастан, сот өндірісінде қазақ тілінің негізгі жұмыс тілі ретінде орнығуына құқықтық негіз беретін бірнеше маңызды кепілдік бар. Ең алдымен, мемлекеттік тіл туралы

...маңызды кепілдік – судьяны жауапкершілікке тарту мен өкілеттігін тоқтату мәселелерінде көрінеді. Судьяның өкілеттігін тоқтату, тек заңда белгіленген негіздермен ғана мүмкін екені, ал судьяны ұстау, күзетпен ұстау немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту ерекше тәртіппен жүзеге асатыны көрсетілген. Яғни, судьяның қызметінен ығыстыру немесе қылмыстық қудалау арқылы қысым жасауға мүмкіндік беретін қарапайым әкімшілік тәсілдерге жол берілмейді, бұл тәуелсіздікті институтционалдық деңгейде қорғауға бағытталған.

қағаз жүзінде қалып қою қауіпі бар. Ал егер талаптар, рәсімдер түсінікті, мерзім қисынды, электронды формат қолжетімді, дәлелдеме мен негіздеме стандарты азаматқа «өтуге болмайтын қабырға» болып тұрмаса, онда бұл институт қоғамда шынайы қорғаныс құралына айналады.

Жобаның мәтіні азаматқа нақты мүмкіндік беретін дұрыс бағытты көрсетіп тұр, оның өміршеңдігі Конституциялық Соттың шағымдарды мазмұндық тұрғыдан қарауға қаншалықты дайын болуына және кейінгі конституциялық заңның азаматқа қолайлы, түсінікті рәсімдерді бекітуіне тікелей байланысты.

– Конституциялық Соттың шешімдерін орындамаған жағдайда жауапкершілік бар ма?

– Конституциялық Сот шешімінің міндеттілігі жобада анық бекітілген. Шешімдер күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті болып табылады, олар түпкілікті сипатқа ие және шағым жасалмайды. Сонымен қатар, Конституциялық Сот конституциялық емес деп таныған нормативтік құқықтық актілер немесе олардың жекелеген нормалары қолданылмауға тиіс. Бұл талап Конституцияның жоғары заңдық күшін тек декларация түрінде емес, нақты құқықтық салдары бар ереже ретінде іске қосады. Ал шешімді орындамағаны үшін нақты қандай да бір қолданылатын Конституция мәтінінде жеке баппен тізбектеліп көрсетілмейді. Мұндай жауапкершілік әдетте салалық заңнамада нақтыланады және оның сипаты жағдайға қарай әртүрлі болуы мүмкін.

– Судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін нақты кепілдіктер қандай?

– Судьялар тәуелсіздігі жобада әділетті сот төрелігінің негізгі шарты ретінде нақты конституциялық кепілдіктермен бекітіледі. Ең өзекті кепілдік судья мәртебесінен басталады. Судья тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады, ал сот төрелігін жүзеге асыруға қандай да бір араласуға жол берілмейді және мұндай араласу жауаптылыққа әкелетіні тікелей көрсетіледі. Бұл норма судьяға сырттан қысым жасауға, тапсырма беруге немесе істің нәтижесіне ықпал етуге құқықтық тұрғыдан тыйым салып, тәуелсіздікті қағида ретінде ғана емес, міндетті тәртіп ретінде бекітеді. Жобада судьялардың нақты істер бо-

әкімшілік тәсілдерге жол берілмейді, бұл тәуелсіздікті институтционалдық деңгейде қорғауға бағытталған.

– Құқық қорғау органдарының жауапкершілігін күшейтетін конституциялық норма бар ма?

– Жоба құқық қорғау органдарының жауапкершілігін конституциялық деңгейде күшейтетін нормалар жиынтығын көздейді және бұл реформаның өзекті бағытының бірі. Оның өзегінде қарапайым, бірақ принципті логика жатыр: мемлекеттің басты міндеті адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау болса, онда күш қолдану өкілеті бар органдардың кез келген әрекеті құқықпен шектеліп, тиімді бақылаумен және нақты құқықтық салдармен сүйемелденуі тиіс. Осы тұрғыда жобада адам қадір-қасиетіне қол сұқпау қағидасы күшейтіліп, азаптау мен зорлық-зомбылыққа жол берілмейтіні бекітіледі. Мұндай тыйым құқық қорғау практикасы үшін «ұрқасат етілмейтін шекараны» белгілейді: азаматқа күш қолдану, қорлау, қысым көрсету сияқты әрекеттер ақталатын «әдіс» емес, құқық бұзушылық ретінде бағалануы тиіс. Қылмыстық процестегі кепілдіктер де осы жауапкершілікті нақтылай түседі: заңсыз тәсілмен алынған дәлелдің заңды күші болмайтыны және адамды тек мойындауына сүйеніп соттауға жол берілмейтіні сияқты қағидалар тергеу кезіндегі қысымға институтционалдық тосқауыл қояды. Яғни, заң бұзушылық арқылы «нәтижеге жету» құралы құқықтық мәнін жоғалтады, ал бұл өз кезегінде құқық қорғау органдарының қызметін заңдылық шеңберінде ұстауға ықпал етеді. Бақылау мен есептілік жағы да күшейеді. Прокуратураға заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау және мемлекет атынан қылмыстық қудалау жүргізу өкілетінің берілуі құқық бұзушылыққа жауап қайтарудың конституциялық арнасын айқындайды. Заңсыз әрекет «жабық жүйеде» қалып қоймай, құқықтық бағасын алуға тиіс. Бұған қоса, азаматтың өз құқығын қорғауда Конституциялық Сотқа жүгіну мүмкіндігінің кеңеюі, оңбасмен институттың әлеуеті және соттың бақылау функциясы құқық қорғау органдарының әрекеттерін сыртқы құқықтық сүзгіден өткізетін қосымша кепілдер ретінде жұмыс істеуге бағытталған.

Сондай-ақ, жобада өмір мен денсаулыққа қатер төндіретін фактілерді лауазымды тұлғалардың жасыруы заң бойынша жауаптылыққа әкелетіні туралы

конституциялық норма қазақ тілінің мемлекеттік институттардағы, соның ішінде сот жүйесіндегі қолданылуын кеңейтуге тікелей негіз болады. Бұл норманың мәні қазақ тілін сот төрелігі кеңістігінде толыққанды қызмет тіліне айналдыруға бағытталған құқықтық бағдарды айқындауында.

Сонымен бірге, Конституция әрбір азаматқа сотта өзінің ана тілін немесе өзі меңгерген тілді қолдану мүмкіндігін береді. Бұл кепілдік сот өндірісін «бір ғана тілге күштеп көшіру» арқылы емес, азаматтың тілдік құқығын сақтай отырып жүргізуді талап етеді. Яғни, сот жүйесі қазақ тілінде жұмыс істеуге ұмтылғанымен, процеске қатысушылардың тілдік қажеттілігі ескеріліп, аударма мен түсіндіру қамтамасыз етілуі тиіс. Осы жерде теңгерім принципі маңызды – мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейту азаматтың қорғану құқығына, әділ сотқа қолжетімділігіне зиян келтірмеуі керек.

Сот өндірісін толық қазақ тілінде жүргізудің басты шарты – судья, прокурор, тергеушілердің және сот аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік тілді еркін меңгеруі, қазақ тіліндегі кәсіби заң тілінің сапасын арттыру, процесс құжаттарының қазақша үлгісін жүйелеу және үздіксіз оқыту мен кадрлық іріктеудің нақты талаптарын қалыптастыру. Сондықтан, қазіргі жобаның ойы – сот жүйесінде қазақ тілінің қолданылуын кеңейтуді құқықтық негізбен бекітіп, оны кезең-кезеңімен, азаматтың тілдік құқығын бұзбайтын теңгерімді модель арқылы орнықтыруға бағытталған.

– Бұл жоба жүйелік өзгеріс пе, әлде саяси модернизацияның кезекті кезеңі ме?

– Жобаны саяси модернизацияның кезекті қадамы ретінде ғана түсіндіру жеткіліксіз, бұл тек «модернизация кезеңі» емес, мемлекеттік басқару жүйесін қайта құруға бағытталған қадам. Жобаны таныстыру барысында түзетулер Конституцияның барлық бөлімдерін қамтитыны және баптарының басым бөлігі жанаратыны айтылды, бұл өзгерістердің тек жекелеген нормаларды «реттеумен» шектелмейтінін көрсетеді. Мәтін ауқымы кеңейген сайын, конституциялық модельдің логикасы да жаңарады: құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың құралдары, билік тармақтары арасындағы өзара байланыс, есептілік пен жауапкершілік тетіктері жана теңгерімге түседі.

Өзгерістердің барлығы біліктің легитимділігі мен жауапкершілігін күшейтуге, шешім қабылдау үдерісін бақылауға және құқық үстемдігін нақты институтционалдық кепілдікпен бекітуге бағытталған. Сондықтан, бұл жоба тек «модернизация кезеңі» емес, мемлекеттік басқару мен конституциялық тәртіптің негізгі тіректерін жаңаша құрастыруға ұмтылатын жүйелік реформа ретінде көрінеді.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дұрыс-ақ, оған іш тарылтпай-ақ қоялық, бірақ қаншама ұрпақтың махаббатына бөленген, қаруымен де, қаламымен де қажыр-қайратын танытқан, бұрынғы Кеңестер Одағы көлемінде үлкен абыройға ие болған, дүниежүзі елдеріне атағы жайылып, аңызға айналған қазақтың қас батыры, елінің сүйікті перзенті Баукеңнің жөні де, жолы да бөлек емес пе?!

Халқымыздың дара тұлғасы Бауыржан Момышұлы, тек өзімізді, өр-көкірек империя ғана жек көрді, өздерінің саясатын қолдамағаны үшін, өктемдігіне бас имегені үшін, эзеділ бұйрықтарынан бас тартқаны үшін! Бірақ, қас батырын халқы жек көрген жоқ, қаһармандық ерлігіне бас иді, алақанына салып аялап, құрметтеді, өле-өлгенше сүйді. Сөзіміз жалаң бол-масын, қаһарман тұлғамыздың өмір-баянын түгел сүзіп, аздап шықпасақ та, жүріп өткен даңқты жолдарына аз шолу жасап, көз жүгіртіп көрелікші.

Жасыраны жоқ, біз Баукеңдей ел перзентінің даңқты өмір жолын қан майдандағы жорықтарымен, 1941–1945 жылдардағы ерліктерімен ғана өлшейміз. Рас, бұл жылдар қаһарман тұлғаның даңқы көкке өрлеген, аңызға айналған кезең болатын. Бірақ, әлемдік масштабтағы күрделі тұлғаны тануға бұл аздық етеді. Бауыржан Момышұлындай тұлғаны тану үшін оның нәр алған бұлақ көздерін тану, жалпы өмірін бастан-аяқ сүзіп, сараптай білу керек. Өйткені, ол майданға араласпай тұрып нағыз адам, азамат ретінде қалыптасқан болатын, сол биік тұғырынан өле-өлгенше таймады. Соған орай Баукең феноменінің өзіндік штрихтары арқылы емес, біртұтас кесек тұлғасында танып, сараптап, салмақтағанымыз жөн. Адамның парасат деңгейіне бойламай, үзіп-жұлқып танып, бірер әрекетімен баға беру адас-тырады.

Қазір жаһандық өркениетті сылтау етіп қазақтың бірегей тұлғаларына шімірлікпей ауыз салып жатқан өресіздерді көргенде жаныңнан түңіліп, қоғамның беталысынан бой тартып қаласың. Баукеңдей заңғарымызға деген бейтарап салқындықтың қалыптасуы, уақытылы бұйырмай келе жатқан абырой атақтың иесін таппай, кешеуілдеуінде де осындай қоғамдық керітартпа-лықтың әсері жатыр ма деп ойланасың. Өрне, мемлекеттік маңызды шаруаның қауырттығына қарамастан, «темірді қызған кезінде сок» демекші, батырдың туғанына 115 жыл толу қарсаңында ресми түрде «Халық Қаһар-маны» атағын берген Президентімізге мын алғыс айтуға қақылымыз.

Сондықтан, сүйінші, қазақ елі! Қилы-қилы себептермен атақ нағыз иесін кеш тауып жатса да, бұл барша қазақ баласы үшін айрықша құнды, жүрекжарды қуаныш деп есептеймін. Жаһандану дәуіріне ілесеміз деп жүріп, бардың қадіріне жетпей, асылымызды жарқырата алмай, қатардағы көз-бел торыға айналдырып жүретініміз жоқ емес. Ашы да болса ақиқат осы! Халқымыздың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлының артса атан түйе-нің белін қайыстырар азаматтық істер тындырып, қас ерлігімен дүниені бас идірсе де, өзінің атақ-абыройы үшін ешкімге бас имей өткен тектілігін, қарапайым қағидаларға мойынсұнып, өмір сүргендігін бәріміз білеміз. Оның барша өмірі «бағалай білсең – асылың-мын, бағаламасаң – жасығыңмын», – деген ұстанымымен өткендей. Жалын-ып атақ сұрамаған, жағдай тілемеген. Бірақ, өзінің барша өмірін, тек ерлік пен қаһармандыққа толы жолдарын ғана емес, қуанышын мен күйінішін, жеңісі мен жеңілісін тасқа басқандай таңбалап жазып кеткен. Бейне бір қауымына «артық-кемімді өзін аршып, танып ал!» дегендей. Ал Баукең феноменін тану үшін, жоғарыда айтқанымыздай, тек ерлікке толы жорық жолдарына үнілу мардымсыз, оның біртұтас өмірін сараптай білуіміз, қанымен жарылғандай сыршыл, ақиқатшыл шығар-машылығын қоса байыптау керек. Бұл арқылы не айтқымыз келеді?

Мәселен, оның «Ұшқан ұясын» оқығанда, кейін «халқының қас ба-тыры» атанған ұлдың адамдық негізі «ұшқан ұясынан» қаланғандығын, оның адамгершілік, адалдығы өскен ор-тасынан бастау алғанын, туған елі мен жеріне деген шекасі махаббаты ерте қалыптасқанын айқын аңғарамыз. Баукең өз өмірін баяндап шығу арқылы, ешбір боямасыз шыншылдықпен, адамдық қасиеттерді қалай қалыптасатыны ту-ралы, ұлы ерліктердің қайдан бастау алып, өрістейтіні туралы тағылымын танытқан. Ешкімді асыра мақтамаған, мақтанбаған, болғаны болғандай қылып қана жеткізген.

Бір таңқалатыны – Баукең осы кіта-бында өзі көзін тырнап ашпай жатып, жан жылуын сезінбестен өмірден өткен екі адамға ерекше құрметін танытады: оның бірі – атасы Имаш та, екіншісі – анасы Рәзия. Анасы болашақ батыр-дың үш жасында көз жұмса, одан көп ұзамай, 1911 жылы Имаш атасы өмір-ден өткен. Содан ол өз әкесі Момыш пен Қызтумас әжесінің тәлім-тәрбие-сін көріп өседі. Әжесі Қызтумас бір ауылды аузына қаратқан өткір мінезді, азулы адам болғанымен, келіні Рәзия-ны айтқанда, бордай езіліп, босап сала береді екен. «Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем, Рәзиям!» – деп мұңайып отырып қалады екен. Осыны естіп, ана-сы жайлы жылы сөзге құлағын төсеп өскен баланың ана қасиетін сезінбеуі мүмкін емес.

пен жатқан соң, оны қарамағындағы қа-уымы «Тура Момыш» деп атапты. Осы қырымен төңірегіне де аты шығып, ел арасындағы дау-дамайға екі араласып, бітімгершілікке де жүрген. Оның үсті-не, бұл кісі ескіше сауатты, кириллице-ны да ел ішінде алдымен меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, он саусағынан өнері тамған, ағаш ұстасы, етікші, зер-герлікпен де айналысқан екен. Баукең бойындағы адамдық сипат, әділеттілік пен имандылық, жалпы санқырлы қа-білеттілік, ізденгіштік, білімге ынты-зарлық әкеден жұққандығы аңдалады. Әке өнегесімен ескіше оқуды да жақсы білген. Соның арқасында ескі әдебиетті де жүйрік білгендігі белгілі. Жалпы, кейінірек жазушылық жолға түсуі де, амалсыз мәжбүрлігі емес, қанында бар қасиетінен, сөз киесі дарығандығынан деп өрелейміз.

ақпанда Киев айрықша әскери округына ауыстырылады. 24-атқыштар дивизия-сының 406-атқыштар полкында штаб бастығының көмекшісі қызметін атқара-ды. Ал, 1941 жылы қаңтарда, яғни, қан-ды соғыс басталар алдында, Орта Азия әскери округына жіберіліп, Қазақ КСР әскери комиссариатының әскерден тыс даярлау бөліміне аға нұсқаушы болып тағайындалған. Мұның бәрін тәптіштеп отырғанымыз, батырдың әскери даңқты жолдардан өтуінде де, шалақ өлшеп-пі-шердей ешқандай кездейсоқтық жоқ. Тіпті, жорық жолдарында лейтенант дәрежесімен генералдарға жүктелетін міндетті атқаруында осындай заңдылық бар болатын.

Майдан даласына тастүйін дайын-дықпен келген Бауыржан Момышұлы-ның бірден аңыз генерал Панфиловтың қолбасшылығындағы әйгілі 316-шы

операциялық өнер» кафедрасында аға оқытушы болды. 1955 жылы құрметті демалысқа шықты.

Бірақ, батыр мұнымен шектелмеген, қоғамдық белсенді еңбегін жалғастыра берген, оны ел іші ғана емес, одақтық республикалар, әлем елдері құрмет-пен шақырып, кездесулер ұйымдас-тырған, дәріс оқуын өтініп, соғыста шыққан атақ-даңқы бейбіт күндерде де бәсеңдемеген. Оның үздік оқытушы, ұстаздығына ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің өзі тәнті болып, оқыған лек-циялары негізінде кітап жазуын өтінген. Осылайша Баукеңнің әскери теориялық «Соғыс психологиясы» кітабы жарыққа шығып, дүниежүзінің көптеген тіліне аударылған. Қырағы М.Әуезов Бау-кеңнің батыр ғана емес, дарынды әскери ғалым, талантты жазушылық қырын да аңдап қалып, батасын беріп, қаламгерлі-

ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ

НЕМЕСЕ ИЕСІН КЕШ ТАПҚАН АТАҚ



дивизия құрамына қосылып, ең жау-апты, ең ыстық нүкте саналған Воло-колам тас жолы бағытында Мәскеу-ді қорғау – Бас штабтың назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Міне, қазақ халқының даңқты перзенті Бауыр-жан Момышұлының соғыс тарихын-да өшпестей болып алтын әріптермен мәңгілікке жазылып қалған таңғажай-ып ерлік шежіресі нақ осы мезгілде басталды. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері аға лейтенант Бауыржан Мо-мышұлының батальоны дивизиядан бөлініп қалып, Матренино селосының маңында жаумен кескілескен ұрыс жүргізді. Күш тең болмағаны былай тұрсын, батальонның қоршаудан аман шығуының өзі екіталай болатын. Өрне, Бас штаб төңірегінде бұл аймақтағы ұрыс барысын жоғарыдан бақылауда ұстап, өздерінен күдер үзе бастаған шақта, комбаттың тактикалық шебер

діне жол ашқан. Осының өзі Бауыржан Момышұлының санқырлы феномен, қайталанбас дарындылығының дәлелі. Мұндай сүйікті, даңқы асқан перзентін халқы қалайша алақанға салып, аяла-масын?! Дана Абай «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінуге жарар ол!» – деп нақ осы Баукеңдей ел-жұртының махабба-тына бөленген перзенттеріне бағыштап айтса керек.

Даңқты батыр тек қаһарлы соғыс жылдарында ғана көзге түспей, Кеңес Армиясы құрамында табаны күректей жиырма бес жыл қызмет етіп, осы салаға өзінің ең қуатты, жігерлі де жемісті жылдарын арнаған. Оның ерлікке толы жорықтарынан И.Сталинның өзі жақсы хабардар болған, оны Г.Жуков, К.Ро-коссовский, К.Ворошилов, С.Буденный сияқты маршалдар жоғары бағалаған. Ал ерлігі, әскери іскерлігі мен біліктілігі мойындалып, қолдауға ие бола тұрса да Баукең атақ беруге келгенде іштар-лық жасау – нағыз әділетсіздік. Өрне, кеңестік саясатқа батырдың ешкімнен айылын жимайтын еркіндігі, жасқанбай, тік айтатын өткірлігі, турашылдығы ұнамады. Империялық астамшылықпен төрбиеленген кеңестік басшылыққа қа-зақ сияқты «төменгі жұрт» өкілін ма-рапаттау ішкі ұстанымдарына қайшы. Қанша жауырды жаба тоқығымыз келсе де, осы бір жан ауыртар шындыктан аттап өте алмаспымыз анық. Батыр Бау-кеңнің де барынша жек көріп, тәкап-пар басын имей өткендігі осы импе-риялық отаршылдық саясатқа деген қарсылығымен байланысты болса ке-рек. Осы қасиетін сезінген сайын Бау-кең деген құрметіміз бұрынғыдан да арта түсетуі тиіс емес пе еді.

Өкінішке қарай, әлі күнге дейін им-перияға бас имей өткен қайсарлығына теріс баға беру бар. Тіпті, батырдың бұл болмысын қисық-қырылық, қыр-сық мінезге жатқызушылықты да көріп жүрміз. Біз керісінше, мұны ұлттық қасиет, қайсар ата-баба рухының оянуы, қанымызда бар қасиеттің бас көтеріп, тірілуі деп тануға тиіспіз. Империялық астамшылыққа «лөпшай таксыр!» деп құлдық ұрмаған, дүргейіне бас име-ген өр Баукең сол қылыштай қайра-улы, қайсар қалпымен, алдаспандай адуынды мінезімен алып империяға азын көрсете, арыстандай сес таны-тып, алашына айбар, ұлтына нағыз қаһармандық тағылым танытпа па еді... Осы себептен де Баукеңнің қаһар-мандығы мен ұлылығының алдында тағзым ете отырып, ірі тұлғамыздың есімін мәңгілікке айналдыру бағытын-дағы Президент жасаған зор еңбекке шексіз алғыс білдіреміз.

Мемлекет басшысы Бауыржан Мо-мышұлына «Халық Қаһарманы» атағын ресми берумен шектелген жоқ. Тараз қаласына арнайы сапар шегіп, сондағы әскери оқу орнына батыр есімін берді және өз сөзінде мұндай оқу орындары-ның әр облыс, әр қалада ашылуы тиіс екенін атап өтті. Біз батыр рухын кө-теретін мақсатты істердің Президент жетекшілігімен жалғаса беретініне сенеміз. Өйткені, Қасым-Жомарт Ке-селуды сөздің емес, істің адамы екенін дәлелдеп келеді.

Бауыржан Момышұлындай ардақты асылымыздың атағы мен абыройын асы-ра білу – елдігіміздің белгісі. Өйткені, қаһарман батырдың тұлғасы ұрпаққа рұх береді, әруағы қолдап, бойларына күш-қуат, зор намыс, жігер қосарына сеніміміз кәміл.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
торағасы

Мемлекет басшысы Бауыржан Момышұлына «Халық Қаһарманы» атағын ресми берілген жоқ. Тараз қаласына арнайы сапар шегіп, сондағы әскери оқу орнына батыр есімін берді және өз сөзінде мұндай оқу орындарының әр облыс, әр қалада ашылуы тиіс екенін атап өтті. Біз батыр рухын көтеретін мақсатты істердің Президент жетекшілігімен жалғаса беретініне сенеміз.

Осылайша, ұшқан ұясынан жақ-сы тәлім-тәрбие алып өскен бала 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы қазақ педагогика инсти-тутына түседі. Бұл да, өрне, кез кел-ген қазақ баласына бұйырмаған бақ еді. Оқуын бітірер-бітірместен бастауыш мектепте ұстаз болған. Соғыстан кей-йін, Алматы жоғары оқу орындарын-да әскери тәжірибелік лекция жүргізуі, Мәскеуде әскери академияда сабақ бе-руі – оның ұстаздық қабілетінің жоғарылығын көрсетеді. Осыдан кейін талапты жас ретінде Баукең жауапты қызметтерге тартылып, аудандық атқару комитетінің хатшысы, одан аудан-дық милицияда жұмыс істеген. Баукең қаржы саласындағы қызметімен де та-нымал. Ол Шымкент өнеркәсіп банкін-де экономист, ал 1934–1936 жылдарда КСРО Промбанк Қазақ республикалық басқармасының аға кеңесшісі болып қызмет атқарған. Сонымен қатар, Ле-нинград қаржы академиясында оқыған. Осылайша, сесп-қисалқа жүйрік болған Баукең бұл салада да биік жетістіктерге жеткен.

Кейінірек майдан даласында осы санқырлы қасиеті қажетке жарап, ба-тыр талапшылдығы мен ізденісінің арқасында, соғыста аз шығынмен жау-ды қисапсыз көп шығынға ұшыратып, күйрете соққы берген. Демек, қаһарлы соғыста аты аңызға айналған Баукең тө-беден түскендей ертегі кейіпкері емес, қилы-қилы сынағы мол өмір жолдары-нан өтіп, ысылған, майданға шында-лып, араласқан, саналы түрде пісіп жетілген бесаспап жауынгер болатын.

Ол 1932 жылы әскер қатарына шақырылады. Орта Азия әскери округы бойынша, 3-Түркістан атқыштар дивизиясының 14-таулы атқыштар полкында бір жылдық курсты та-мамдағаннан кейін взвод командирі қызметін атқарады. 1936 жылы Қыыр Шығыста 105-атқыштар дивизиясының, 315-атқыштар полкында артиллериялық дивизия командирі болған. 1938 жылы Хасан көлі маңында болған жапон әскер-лерімен шайқасқа қатысқан. 1940 жылы

әдіс қолдана білуінің арқасында, жа-саңып келген жауды осы арада үш күн бойы тежеп, төртінші күні батальонын қоршаудан аман алып шыққан. Құл-лі майдан даласына лезде аңыз болып тарап кеткен бұл ерліктің бағасы аса жоғары болатын. Генерал Панфилов-тың қатты толқып, көзіне жас алып: «Жарайсың, сұңқарым!» – деп Бау-кеңді қамқор әкедей елжірей құшағына қысқаны жауынгерлер арасында ерек-ше мақтаныш сезімін тудырған еді. Өкінішке қарай, Баукеңді туған ұлы-дай бауырына тартқан әділетті, арлы генерал көп ұзамай, келесі ұрыстардың бірінде ажал құшады.


Ал, қазақ батырының даңқты жеңіс жолдары жалғасып, оның атақ-абыройы арта түседі. Сол алғашқы ұрыстың бірін-де Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылса да, бұл Бас штаб тарапынан елеусіз қалған. Баукеңнің Мәскеу түбін-дегі ұрыстардағы ерлігі, әскери шебер басшылығы мен ұйымдастырушылығы туралы талай жазылған мемуар, естелік-тер өз алдына. А. Бектің «Волоколам тас жолы», Б.Половойдың «Арпалыс» повестері арқылы да аты дүниежүзіне жайылды.

Жауынгерлік өмірге соғысқа дейін он жылдай бұрын араласқан Баукеңнің жеңіс салтанатынан кейін де әскери өмірі жалғасты. Батыр атағын қимаған жоғарғы басшылық, шебер қолбасшы-ның тәжірибесін пайдалана беруді ұмытпа-ды. Соған сәйкес 1945 жылы қаңтарда К.Ворошилов атындағы жоғары әскери академия жанындағы офицерлер құра-мын жетілдіру курстарын аяқтаған соң, 2-ші Балтық майданы, 6-шы гвардия-лық армия, 2-ші гвардиялық атқыштар корпусы, 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясы командирінің орынбасары болып қызмет етті. Соғыс аяғына таман дивизия командирінің міндетін атқар-ды. 1946 жылы қаңтарда К.Ворошилов атындағы жоғары әскери академиясына жіберілді. 1950 жылдың қарашасынан бастап В.Молотов атындағы кеңес ар-миялық тыл және жабдықтау әскери академиясында «Жалпы тактика және

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

ТАЛАП БАР ЖЕРДЕ – ТІЛ ТҰҒЫРЛЫ

Мемлекеттік тіл тұғыры қай кезеңде де – биік. Өйткені ол ұлттың жаны, ұрпақ сабақтастығы, ғасырлар аманаты. Ұлттық санын қалыптастыру жолындағы қозғаушы күш. Тіл арқылы қоғам, қауымдастық, адам мен адам түсінісіп ұғысады. Тілді сөйлеу арқылы оның мәйегі өселенеді. Бұл ретте, қазақ тілінің мәртебесі асқақ. Ата Заңмен айқындалып, мемлекеттік дәрежесі бекіген. Сол себепті де, дамыған, зайырлы елде мемлекеттік тіл төңірегінде дау да, тар-тысты мәселе де болмауы қажет.



Қазір Қазақстанда тіл үйренуге мүмкіндік пен барлық жағдай жасалған. Қарапайым халықтың мемлекеттік органдар мен құзырлы мекемелерден мемлекеттік тілде қызмет көрсетуді талап етуі де осы ретте заңды, орынды. Бабалар аманатындай болған киелі құндылық шынайы қолданыста да өз деңгейінде самап, емін-еркін қолданыста болуы керек.

Тәуелсіздік жылдарынан бері мемлекеттік тіл дәрежесі осы талап үделерінде тиісті деңгейде дамыды. Құзырлы орган мен мемлекеттік барлық мекемелер іс қағаздар айналысын, көпшілікпен қарым-қатынас тілін қазақ тіліне көшірді. Бұл жаңашылдықтан қазақстандық сот жүйесі де шет қалмады. Сотқа жүгінуші тараптар бүгінгі таңда мемлекеттік тілде еркін қызмет ала алады. Қазір азаматтық қоғам да бұл мәселеде белсенді. Олар кез келген ортада мемлекеттік тілде қызмет көрсетуді талап етеді. Бұл елдегі тіл статусының шынайы орнын айқындап отыр. Қазақстан дамушы елдер санатында болғандықтан әрине, барлық салада 100 пайыздық жоғары көрсеткіш дей алмаймыз. Өкінішке қарай, коллекторлық қызметте, тағы басқа да мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілге қатысты кейде қарапайым халық тарапынан

сын ескертпелер көп айтылады. Оның ішінде мемлекеттік тіл қолданысында коллекторлық қызмет өкілдерінің немқұрайлылығына шағымдар жетерлік. Коллекторларды сотқа дейінгі өндіріп алу бойынша белсенді жұмыс атқарушы санатында десек, олар көбіне банк мүдделерін қорғайды, сол ретте де іс қағаздарына қатысты болсын, жеке қарым-қатынас барысында болсын, қарапайым азаматтың мемлекеттік тілде қызмет алу құқығы бұзылып жатады.

Десек те елдегі соңғы тәжірибелер мемлекеттік тіл мәртебесінің тек қолданысы ғана емес, пәрменінің де артқанын көрсетуде. Бұл азаматтық қоғамның ортақ белсенділігінің жеңісі. Талап болған жерде қашанда оңды нәтиже шығады. Ендеше, мемлекеттік тіл қолданысы мен оның елдегі жалпыхалықтық тұтынысы, шынайы қажеттілігі өзімізден басталады. Өз тілін қажет етіп, өз деңгейінде оны қолдана алған азамат қана ұлтының патриоты, тілінің жоқтаушысы. Тіл тұғырында болсын десек, әуелгі белсенділікті өз айналамыздан бастайық. Сонда ғана басқаға талап қоя аламыз.

Нури ОМАРБЕКОВ,
Балқаш аудандық сотының
торағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

«ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»

Заң мен тәртіп кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізі, мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуі мемлекеттік органдардың да, азаматтық қоғамның да заң нормаларын қатаң сақтаумен ғана мүмкін болады.

Бұл құқықтық мемлекетті нығайтуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға және халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ұмтылысты көрсетеді.

«Заң және тәртіп» қағидаты заңнаманың орындалуына мемлекеттік бақылауды күшейтуге, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға және іс жүзінде әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған. «Заң және тәртіп» қағидасына басты назар аудару мемлекеттің қауіпсіздік саясатын, оның ішінде құқық қорғау органдарын, құқықтық тәртіпті және оның тетіктерімен дамытуды жалғастыратынын білдіреді.

Қоғамның тыныштығы мен дамуы ең алдымен заң мен тәртіпке байланысты. Заң – мемлекеттің қабылдаған, барлық азамат орындауға міндетті ережелер жүйесі. Ал тәртіп – сол заңдарды бұлжытпай орындау және әрбір адамның мінез-құлқының қоғам талабына сай болуы.

ҚР Конституциясында әр адамның құқығы мен бостандығы анық белгіленген. Бұл құқықтарды сақтау – мемлекеттің де, азаматтардың да ортақ міндеті. Полиция мен сот органдары заңның орындалуын қамтамасыз еткенмен, ең бастысы – әр адамның ішкі жауапкершілігі мен ар-ожданы.

Заң мен тәртіпті сақтау – елдің дамуына, халықтың әл-ауқатына және бо-

лашақ ұрпақтың жарқын өмір сүруіне кепіл болады. Қоғамда әділдік үстемдік құрған кезде ғана адамдардың бір-біріне деген сенімі артады. Сенім орнаған жерде ынтымақ, татулық және бейбіт өмір болады.

Заңға бағыну – бұл тек қорқыныштан емес, азаматтық сана мен мәдениеттің көрінісі. Әр адам заңды өз еркімен түсініп орындағанда ғана шын мәнінде құқықтық мемлекет құрылады. Бүгінгі таңда Қазақстан «Құқықтық мемлекет» ұстанымын басшылыққа алып келеді. Бұл ұстаным билік пен халықтың заң алдында теңдігін білдіреді.

Заң мен тәртіптің сақталуы елдің халықаралық беделін арттырады. Тәртіпті, әділдігі мен тұрақтылығы бар мемлекетке шетелдік инвесторлар сеніммен қарайды, ал бұл өз кезегінде экономикалық өсімге жол ашады. Тыныштық орнаған қоғамда ғылым да, мәдениет те, өнер де дамиды.

Заң мен тәртіп – тек мемлекеттік құрылымның емес, рухани өмірдің де өзегі. Өйткені тәртіп бар жерде ұят, намыс, адамгершілік, жауапкершілік сынды қасиеттер қатар қалыптасады. Адам өзіне де, өзгеге де әділ болған кезде ғана қоғамда шынайы бейбітшілік пен бірлік орнайды.

Ғабит САҚАУОВ,
Ақжайық аудандық соты
әкімшісінің аға приставы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КМЕ

Мемлекеттік тілдің ахуалын зерделеп, оны кеңінен қолдану – әрине сот жүйесін де айналып өтпейтіні айқын. Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу уақыт талабы болып отыр. Өйткені, едетте сотқа арыз шағым қай тілде түссе, ары қарайғы сот істері де сол тілде өрбімек. Осы орайда соңғы жылдары елімізде сот істерінің қазақ тілінде өткізіле бастауы оған деген сұраныстың артып келе жатқанының айғағы болса керек.

ҚАЗАҚША ҚАРАЛАТЫН ІСТЕР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Сот істеріндегі мемлекеттік тілдің үлесін арттыруға қатысты шаралар назардан тыс қалмайды. Себебі, сот істерінің қай тілде қаралатыны сот қызметкерлерінің немесе судьялардың қалауы емес. Оның тәртібі Азаматтық процесстік кодексінің, Қылмыстық процесстік кодексінің нақты көрсетілген. Соған сәйкес, талап арыздар мен іс материалдары сотқа қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Яғни, сот істері мемлекеттік тілде қаралуы үшін азаматтар өз талап-арызын мемлекеттік тілде жазып, мемлекеттік органдар да хаттамалары мен материалдарын қазақ тілінде жолдауы керек.

Сот жүйесі – азаматтардың құқық-

тары мен бостандықтарын қорғайтын, қоғамдағы әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ететін маңызды билік тармағы. Сондықтан сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану тек заң талабы ғана емес, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыратын маңызды фактор болып табылады. Әрбір азаматтың өз ана тілінде немесе өзі білетін тілде сотқа жүгінуіне, өз ойын еркін жеткізуіне құқығы бар. Мемлекеттік тілде сот төрелігінің жүзеге асуы азаматтардың сот процесіне толыққанды қатысуына мүмкіндік береді. Тілді білмеу немесе түсінбеу азаматтың құқығын шектеуге әкелмеуі тиіс. Соттарда мемлекеттік тілде іс жүргізу – әділ соттың

ажырамас бөлігі. Заң нормалары, сот шешімдері мен қаулылары азаматқа түсінікті тілде ұсынылғанда ғана әділдік өз мақсатына жетеді. Бүгінгі таңда сот органдарында мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Құжат айналымы, сот отырыстары, азаматтарды қабылдау, құқықтық түсіндіру жұмыстары мемлекеттік тілде жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде

меңгеруіне ерекше көңіл бөлінуде. Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілді қолдану – құқықтық мемлекеттің маңызды көрсеткіші. Ол азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, қоғамдағы сенімді нығайтады. Судья үшін басты мақсат – әділдік орнату. Ал әділдікке жетудің бір жолы – мемлекеттік тілде ашық әрі түсінікті сот төрелігін жүзеге асыру.

Абай ШАРИПБАЕВ,
Қонаев қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ТАРТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 10 қаңтардағы заңына сай қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің «қоғамдық жұмыстарға тарту» жаңа әкімшілік жаза түрі 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілгені көпшілікке мәлім. Бұл жаза ӘҚБтК-нің 73, 434, 434-2, 438, 440, 443, 449, 598, 615, 653, 669-баптарының санкцияларында көзделген.

Қоғамдық жұмыстар құқық бұзушының негізгі жұмысынан немесе оқуынан бос уақытында ақысыз қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауы түріндегі әкімшілік жаза.

Қоғамдық жұмысқа тарту жазасының мақсаты құқық бұзушыға өзінің кінәсін еңбек арқылы өтеуге мүмкіндік беруге бағытталған. Яғни, заңнамаға осы жаза түрін енгізу арқылы құқық бұзушыларды қоғамға пайдалы еңбекке тарту және баулу, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және өз іс-әрекетінің салдарын түсіндіру мақсаты көзделіп отыр. Бұл жаза адамды қоғамнан оқшаулауға емес, керісінше, қоғаммен байланысын нығайтуға бағытталған.

Қоғамдық жұмыстарға тарту айыппұл немесе әкімшілік қамауға алу жазасымен салыстырғанда азаматтарға айтарлықтай тиімді. Себебі қамаққа алу құқық бұзушының жақындарымен арадағы сыйластығына сына түсіріп, қоғамнан алыстатса, айыппұл тек құқық бұзушының ғана емес, отбасының қаржылық ахуалына салмақ салады. Осы айыппұл төлеуге мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін қоғамдық жұмыс – тиімді және әділетті балама.

Қоғамдық жұмыстарға тартудың

тәртібі ӘҚБтК-нің 49-1-бабында дәйектелген. Бұл жазаны қолданудың ерекшелігі – құқық бұзушының келісімі болған кезде қоғамдық жұмыстарды негізгі әкімшілік жаза ретінде ғана қолданады.

Мысалы, Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотында отбасы-тұрмыстық қатынастар бойынша құқық бұзушы Е-ге қатысты әкімшілік жадығат қаралды (ӘҚБтК-нің 73-бабының 2-бөлігі).

ӘҚБтК-нің 73-бабы 2-бөлігінің санкциясында 40 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не он тәулікке әкімшілік қамаққа алу көзделген. Сотта ол өз кінәсін мойындап, жәбірленуші кешірім бергенін айтып, өзіне қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын қолдануға келісімін берді.

Сот жәбірленушінің кешірім бергенін және құқық бұзушының қоғамдық жұмысқа тарту жазасын қолдануға келісім бергенін ескеріп, Е-ге 40 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы қолданылды. Қаулы заңды күшіне енген.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, бұл жаза қолданысқа енгізілгеннен бастап елімізде 2025 жылы 1785 тұлғаға қатысты қолданылған.

Қоғамдық жұмыстардың ұзақ-



Н.АЛИМБЕКОВ,
Байғанин аудандық
сотының судьясы

тығын сот белгілейді және ол белгілі бір сағат мөлшерімен есептеледі. Жұмыстар құқық бұзушының негізгі жұмыс немесе оқу режиміне кедергі келтірмеуі тиіс. Жазаның орындалуын уәкілетті органдар бақылайды. Қоғамдық жұмыстарды өтеуден жалтарған жағдайда, құқық бұзушыға қатаңрақ әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін, соның ішінде әкімшілік қамауға алу немесе айыппұл салу.

Қорыта келе, ӘҚБтК-дегі қоғамдық жұмыстар әкімшілік құқыққағы маңызды институт және оның қолданылуы құқық бұзушыларды жаза-лаумен қатар, оларды түзеуге ықпал етеді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі әкімшілік сот ісін жүргізудің заманауи әрі тиімді тетіктерін көздейді. Сол тетіктердің бірі – татуластыру рәсімдері. Бұл институт әкімшілік дауларды сотқа дейін немесе сот барысында тараптардың өзара келісімі арқылы шешуге мүмкіндік береді. Татуластыру рәсімдерінің енгізілуі құқықтық мәдениетті арттыруға, сот жүктемесін азайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғаудың баламалы жолдарын дамытуға бағытталған.

ӘРПК-дегі татуластыру рәсімдерінің негізгі мақсаты – тараптар арасындағы дауды сот шешімін шығармай-ақ, өзара ымыраға келу арқылы реттеу. Татуластыру рәсімдерінің маңызды артықшылықтарының бірі уақыт пен шығынды үнемдеу. Сот талқылауы ұзаққа созылуы мүмкін, ал татуластыру арқылы мәселе қысқа мерзімде шешіледі. Сонымен қатар, тараптар өзара келісімге келген жағдайда, қабылданған шешім көбіне ерікті түрде орындалады. Бұл атқарушылық іс жүргізуге кететін қосымша қиын-

МӘМІЛЕГЕ КЕЛУ – ЗАМАНАУИ ӘРІ ТИІМДІ ТЕТІК

дықтарды болдырмайды. ӘРПК аясында татуластыру рәсімдерін қолдану судьяның белсенді ролін көрсетеді. Сот тараптарға татуласу мүмкіндігін түсіндіруге, рәсімдерді таңдауға жәрдемдесуге құқылы.

ӘРПК-дегі татуластыру рәсімдері әкімшілік әділеттіліктің тиімділігін арттыратын маңызды құрал болып табылады. Олар азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенімді нығайтып, дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастырады. Татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуға және әкімшілік сот ісін жүргізудің сапасын арттыруға оң ықпал етеді. Татуластыру рәсімдерін дамыту әкімшілік процесте дауласу мәдениетін өзгертуге ықпал етеді. Бұрын азамат пен мемлекеттік орган арасындағы даулар көбіне қарсыласу сипатында өтсе, қазіргі таңда келіссөздер мен өзара түсіністікке негізделген тәсілдер басым бола бастады. Бұл үрдіс азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттырып, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жауапкершілігін күшейтеді.

Сот практикасынан мысал, талап қоюшы «А» есімді азамат сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік салық органына «ЕТТ–Бірнұғай кендік тарифімен» есептелген салық төлемін «ВТО–дүниежүзілік сауда ұйымы» тарифімен есептеуді және үстіндегі есептелген өсімпұлды алып тастауды сұраған. Аталған әкімшілік іс бойынша 2026 жылғы 28 қаңтарда алдын ала тыңдау өткізіліп, тараптарға дауды медиация тәртібімен реттеу үшін уақыт берілді. Тараптардан сот кеңесі арқылы әкімшілік істі өздері жеке дара келісілген шарттар бойынша медиативтік келісімді бекіту туралы өтініш түсті. Сот ұйғарымымен тараптарға медиациялық келісім бекітілді.

Сөйтіп тараптар бір ымыраға келіп, дау өзара оңынан шешілді.

А.САНДУАҚАС,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының бас маманы -
сот отырысының хатшысы

МЕЖЕ

Қазақ тілі – өліміздің басты құндылықтарының бірі, ұлттық болмысымыздың негізі. Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту мен оны күнделікті өмірде қолдану өте маңызды. Әсіресе, мемлекеттік қызмет саласында қазақ тілінің рөлі жоғары болуы керек. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді білу ең алдымен мемлекеттік қызметшіден басталауы тиіс. Сөбебі халықпен тікелей жұмыс істейтін, елге қызмет көрсететін тұлғалар – солар. Егер мемлекеттік қызметші қазақ тілін білмесе немесе қолданбаса, онда мемлекеттік тілдің беделі де төмендейді.

Кейбір мекемелерде әлі күнге дейін азаматтар қазақ тілінде сапалы қызмет ала алмай жатады. Бұл жағдай халықтың наразылығын тудырады. Біздің ойымызша, мұндай мәселелердің туындауына мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді жеткілікті деңгейде меңгермеуі себеп болып отыр. Негізі мемлекеттік тіл тек қағаз жүзінде емес, күнделікті өмірде

ТІЛДІК КЕДЕРГІ БАР ЖЕРДЕ ТҮСІНБЕУШІЛІК ПАЙДА БОЛАДЫ

де қолданылуы қажет. Ал оны қолданатын ең басты орта – мемлекеттік қызмет саласы болып табылады.

Мемлекеттік қызметші – халық пен мемлекет арасындағы байланыстырушы тұлға. Азаматтар түрлі мәселелермен мемлекеттік мекемелерге жүгінеді. Сол кезде олар өз ана тілінде сөйлеп, толық әрі сапалы қызмет алғысы келеді. Бұл – әр азаматтың заңды құқығы. Менің ойымша, мемлекеттік қызметші қазақ тілін білу арқылы халыққа жақындай түседі. Ана тілінде сөйлесу адамдар арасында сенім қалыптастырады. Ал тілдік кедергі бар жерде түсінбеушілік те, реніш те пайда болады.

Мемлекеттік қызметші болу – үлкен жауапкершілік. Бұл тек қызмет атқару ғана емес, елге үлгі болу деген сөз. Қоғамда көп адам мемлекеттік қызметшілерге қарап бой түзейді. Сол себепті олардың сөйлеу мәдениеті мен тілге деген көзқарасы өте маңызды. Біздің пікірімізше, егер мемлекеттік қызметші қазақ тілін құрметтеп, күнделікті жұмысында қолданса, бұл басқаларға да үлгі болады. Керісінше, мемлекеттік тілге салғырт қарау қоғамда теріс пікір қалыптастырады.

Мемлекеттік тілді білу – міндет қана емес, азаматтық парыз деп санаймын. Әсіресе мемлекеттік қызметте жүрген адамдар үшін бұл талап екі есе маңызды болып табылады. Мемлекеттік қызметшілер қазақ тілін білсе, жастар да оны қолдануға ынталанады. Сонымен қатар, болашақта мемлекеттік қызметке келетін жастар үшін де бұл үлкен мотивация. Яғни, мемлекеттік тіл – табысты қызметтің бір бөлігі екенін түсінеді.

Мемлекеттік тілдің беделін арттыру үшін ең алдымен мемлекеттік қызмет саласында нақты талаптар болуы керек. Мысалы, мемлекеттік қызметшілер үшін қазақ тілін білу міндетті шарт болуы, тіл деңгейін тексеру жүйелі түрде жүргізілуі, қазақ тілінде қызмет көрсеткен кызметкерлерді ынталандыру өзекті. Мұндай шаралар мемлекеттік тілді дамытуға оң әсер етеді. Тілді күштеп емес, саналы түрде қолдану маңызды. Ал оған жетудің бір жолы – үлгі көрсету.

Нүрсұлу МАДИЯРОВА,
Ақтобе қалалық №3 сотының бас маманы

МІНДЕТ

Мемлекеттік тіл туралы мәселе қозғалғанда әркім Мәртүрлі пікір айтып жататынын күнделікті көріп жүрміз. Бірі, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге жете мән беріліп жатқан жоқ деген пікірін алға тартып жатса, екіншілері, мемлекеттік тілді меңгеруді үйрету тәсілдері жолға қойылмай отыр, болмаса тіл үйренуге мұқтаж адамдар аз емес деген уәждерін көлтіреді.

МӘҢГІЛІК МҰРАТЫМЫЗ

Дегенмен, шынтуайтқа келгенде ана тіліміздің абыройын арттыру, оны ұрпағымызға ананың сүтімен сіңіру әрбір отбасының өздеріне тікелей байланысты екенін де естен шығармағанымыз абзал.

Ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді. Елімізде осы мақсат жолында іргелі істер атқарылып жатқаны баршаға аян. Республикамыз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, қазақ тілін де мемлекеттік тіл ретінде бекіткені осының жарқын айғағы болса керек.

Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтайды, жалғаса береді. Оған ешбір кедергі жоқ және тіл мерейін өсіруді көп болып қолға алғанда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатыны айдан анық. Сондықтан, осынау ортақ іске әрқайсысымыз өзіндік үлесімізді қоссақ нұр үстіне нұр болып, көздеген мақсат деңгейінен шығуға мол мүмкіндік туары хақ.

Олжас НҮКЕНОВ,
Жетісу облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы

ТАРАТУ

4. «As-Dim» ЖШС (БСН 180640028630) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 040905, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық округі, Абай ауылы, Д. Қонаев көшесі, 147-үй, тел. +7 707 164 90 91.

5. «ALEM KZO» ЖШС (БСН 241040011452) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 120000, Қызылорда қаласы, Салихитдин Айтбаев көшесі, 33-үй. Тел. +7 707 903 57 94.

6. «Спортивный клуб дзюдо «Женес» ЖШС (БСН 221040006402) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1-ғимарат.

9. «Холдинг Мейстер» ЖШС (БСН 180440039341) (Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, Абай көшесі, 41-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Жамбыл ауылы, Абай көшесі, 41-үй. Тел. 8 775 158 61 58, 8 747 588 85 41.

10. «ВестТрансСистемсКЗ» ЖШС (БСН 180240025710) (ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, 060000, Мирас шағынауданы, Төле би көшесі, 18-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Жерұйық шағынауданы, 20-көше, тел. 8 701 111 59 20.

11. «Forever Calaxu» ЖШС (БСН 241140013125) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Өтешқали Атамбаев көшесі, 27-ғимарат. Тел. 8 705 647 78 47.

12. «Bravo Lombard» ЖШС (БСН 180640003040) күнтізбелік 60 (алпыс) күн өткеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыру лицензиясының қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш бергенін хабарлайды. Барлық сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласыңыз: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 33-ғимарат, 319-кабинет. Тел. +7 707 559 08 08.

15. «БоранбайСтройГазСервис» ЖШС (БСН 050240017911) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Серпер көшесі, 17-үй, тел. +7 775 345 38 04 (уағсап).

16. «ЗиялыСервис» ЖШС (БСН 111040018304) өзінің жұмысын тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Серпер көшесі, 17-үй, тел. +7 775 345 38 04 (уағсап).

17. «Мақат Тазалық» ЖШС (БСН 060440009127) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Серпер көшесі, 17-үй, тел. +7 775 345 38 04 (уағсап).

18. «Алмалы су-арнасы» ЖШС (БСН 180340035593) өзінің жұмысын тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабыл-

данады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Серпер көшесі, 17-үй, тел. +7 775 345 38 04 (уағсап).

19. «Синердж (Атырау) Глобал Индустриалз Птю.Лтд» ЖШС (БСН 190840006282) өзінің жұмысын тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 060600, Атырау қаласы, Береке ауылы, Тыныбеков көшесі, 31, тел. 8 775 807 09 70.

20. «NurArts Company» ЖШС (БСН 240840015689) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Форт-Шевченко қаласы, тел. +7 778 232 8189.

21. «ОТАН» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы (БСН 930341000168) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Ерубасев көшесі, 51-үй.

22. «АГРО СЕРВИС» ЖШС (БСН 200540010988) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Турик 1-Завокзальный, 37-үй.

23. «Voltus» ЖШС (БСН 250340002661) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Е899 көшесі, 1/1-үй, тел. 8 701 533 77 04.

24. «Отан-Академия семья» Қоғамдық қоры (БСН 170940017931) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төлебаев көшесі, 142-үй, А, тел. +7 778 470 66 50.

25. «Shah Trans Logistics» ЖШС (БСН 120240008511) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 348А үй, офис 310А. Тел. 8 707 055 09 85.

28. «РКД Фешн» ЖШС (БСН 180640001183) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түркістан ауданы, Илийский даңғылы, 17-ғимарат, Тел. 8 (727) 367-15-67.

30. «Умар-2022» ЖШС (БСН 220340008209) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия ауылдық округі, Айнатас ауылы, Жібек жолы көшесі, 42-үй, индекс 160311.

31. «Масеррус» селолық тұтыну кооперативі (БСН 080940013672) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, Қақпақ ауылы, пошта индекс 160306.

32. ҚР, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30А/3 мекенжайында орналасқан «ҚАЗАҚСТАН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АУДИТОРЛАР» қауымдастығы (БИН 120340002803) өзінің таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30/8 үй, 157-кеңсе. Тел. +77019998620.

33. «Спектр-К» ЖШС (БСН 080740009855) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Мауленова көшесі, 12а.

7. «ЛОМБАРД «КАРАГАНДА-КРЕДИТ» ЖШС (БСН 050340007482) жарғылық капиталының 350 000 000 (үш жүз елу миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, 14-шағынауданы, 1-үй, 2-н.п. Тел. 8 705 322 23 13.

8. «Алтын-Ай 1» ЖШС (БСН 231140018719) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Алексей Петров көшесі, 19-үй, 9-н.п.

13. «Dara Group (Dara Group)» ЖШС-не (БСН 071140008152) «ДАРЫН Партнерс» ЖШС-і (БСН 140540000540) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 17-ғимарат, 15 н.п., А блогы, 8-қабат. Тел.: 8 747 216 43 86, legal@kk-r.kz.

14. «ДАРЫН Партнерс» ЖШС (БСН 140540000540) өзінің «Dara Group (Dara Group)» ЖШС-не (БСН 071140008152) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 17-ғимарат, 15 н.п., А блогы, 8-қабат. Тел.: 8 747 216 43 86, legal@kk-r.kz.

26. «Ақжарма-2» Шаруа қожалығы әкімшілігі хабарландырады: «Ақжарма-2» Шаруа қожалығы, қожалық қатысушылары мен жер үлескерлеріне 2026 жылдың 18 наурызы күні сағат 11:00-де кезектен тыс жалпы жиналыс өткізілетінін хабарлайды. Өткізілетін орнының мекенжайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Ақжарма ауылы, Садық Азун көшесі, 7.

Күн тәртібінде: 1) Жер үлескерлері өтінішіне сәйкес, жер үлестерін бөліп беру туралы. 2) Шаруа қожалық және қатысушылары мен жер үлескерлері арасында бес жылға қайта бірігіп жұмыс жасау туралы.

27. «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 2.03.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201-көне мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады: 1-лот: Toyota Land Cruiser Prado маркалы автокөлік, 1998 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,7 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 3 777 053 теңге; 2-лот: JAGUAR S-TYPE маркалы автокөлік, 2002 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 3,0 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 2 268 083 теңге; Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201-көне. Сауда-саттық жеңілдікпен сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС қасасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S00000393258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

29. «Самұрық Сақтау» ЖШС (БСН 1011400017724) өзінің жарғылық капиталы 140 000 000 (жүз қырық миллион) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Кендірлі көшесі, 5-ғимарат.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылы 27 тамызда қайтыс болған Тастемірова Күміс Әбдрахманқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шнелі ауданы, Шнелі кенті, С.Сейфуллин көшесі. Тел. 8 702 819 64 73.

3. 1.03.2025 жылы қайтыс болған Сарманбаев Даулет Қонырбаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шнелі ауданы, Шнелі кенті, Т.Рыскулов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6542 дана
Апталық таралым 13084 дана
Тапсырыс №926 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31

СОТ ЖӘНЕ ЖИ

ЦИФРЛАНДЫРУ – СЕҢІМ МЕН ТИІМДІЛІК ҚҰРАЛЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2026 жылды цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Расында, кез келген мемлекет қазір сандық технология мен жасанды интеллекттің игілігін қолдану бағытында үлкен ізденістер жүргізіп жатыр.

Мысалы Ресей соттарының үштен бірі қазірдің өзінде жасанды интеллектті пайдаланады. ЖИ сот құжаттарын талдауға, күнделікті процестерді автоматтандыруға көмектеседі. Алайда сот істері бойынша соңғы үкімді тек судья шығарады. Яғни, ЖИ судьяны алмастыра алмайды. Ол тек көмекші ретінде ғана пайдаланылады. Ресейдегі жекелеген аймақтарда жасанды интеллект сот жазбаларын құрастыру кезінде және тараптар сөзін мәтіндік форматқа түрлендіру барысында қолданылады. Сондай-ақ сот құжатын талдау, салыстыру және қорытындылау барысында жасанды интеллекттің көмегі көп. Бұл тетік адам қателіктерді азайтуға оң ықпалын тигізеді. Бұдан бөлек сандық технология жетістіктері сот шешімдерін Ресей халықтарының тілдеріне аудару ісіне пайдаланылуда.

Көршілес Қытай елі ЖИ жетістіктерін меңгеруде көш бойы алда. Бұл елде жасанды интеллекттің көмегімен сотта қылмыскерге ұсынылатын айыптау актісі 2022 жылдың шілде айында шығарыла бастады. Қытай мемлекетінің судьялары жасанды интеллект арқылы сот істерін автоматты түрде сканерлеп, қажетті заңдар мен ережелерді іріктеуге, құқықтық құжаттарды жобалауға және үкімдердегі адам қателіктерді түзетуге қол жеткізді.

Қазақстандық сот та әлемдік үрдістен шет қалған жоқ. Біздің елімізде жаңа технология жетістіктері ерте кезден қолға алынды. «Төрелік» жүйесі мен «Сот кабинеті» сервисі сол сандық технология арқылы жасалған заманауи жетістіктердің қарлығаштары саналады. Осы сервистердің енгізілуі сот қызметін онлайн алуға, сотқа арыз-шағымды үйде, кеңседе отырып-ақ жолдауға, сот құжаттарын қашықтан алуға, ең негізгісі сот отырыстарына онлайн қатысуға мүмкіндік туғызды. Соның арқасында соттың ашықтығы, қолжетімділігі артып, істерді жедел, сапалы қарауға жол ашылды.

Ал жасанды интеллект бүгінге дейін қолданылған ізгілік бастамаларды әрі қарай жемісті жалғастыруға көмектесері даусыз. Сот жүйесін-

дегі жоғары жұмыс жүктемесі мен сот қызметкерлерінің жетіспеушілігін сот процестерінде жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы ішінара азайтуға болатынын да күнделікті тәжірибе көрсетіп отыр.

Бүгінде Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің бастамасымен сот жүйесінде ауқымды цифрлық трансформация жасалуда. Соның арқасында Қазақстан ресми түрде электронды сот төрелігіне цифрлық сот төрелігіне көшті. Пайдаланушылар енді үйінен немесе кеңсесінен шықпай-ақ «Сот кабинеті» қызметі арқылы онлайн режимінде 100-ден астам түрлі апелляциялық шағымдарды бере алады. Сот жұмысына жасанды интеллект элементтері бар «сандық көмекшілер» енгізілуде. Бұл жаңашылдық арқылы сот шешімдеріндегі кілт сөздерді пайдалана отырып ұқсас құжаттарды іздеуге, заңдар мен нормативтік актілерді айқындауға болады. Осы мақсатта тәжірибеге енгізілген «Сандық сот аналитикасы» жүйесі қазірдің өзінде қоғамға керек екенін дәлелдеді.

Қазіргі кезде роботтар борышкерлердің шетелге шығуына тыйым салу немесе алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын жасайды. Бүгінгі таңда істер мен материалдардың үштен бір бөлігінен астамы роботтық автоматтандыру арқылы қаралады. Сондай-ақ сот отырысына қатысушыларды Face ID арқылы биометриялық сәйкестендіру бойынша ізденістер жасалуда. Бұл қазақстандықтарға сот отырыстарына өз құрылғыларынан тікелей қатысуға мүмкіндік береді, яғни енді WhatsApp, Zoom немесе Skype желілерінің қажеттілігі болмайды.

Осының бәрі сот саласын цифрландыру – сенім мен тиімділік құралы екенін айғақтайды.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

АЛИМЕНТТІК МІНДЕТТЕМЕНИ ОРЫНДАМАҒАНДАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Соңғы жылдары ажырасушылар саны төмендегенмен, алиментке байланысты берешек елі де көп. Бала тағдырына немқұрайлы қарайтын ата-аналар алиментті уақытылы төлеудің орнына, табысын жасырып, берешегін азайтуға барын салады.

Алиментке байланысты мұндай теріс қадамдарды ана мен баланың білмеуі, білсе де өз құқығын қорғауға қажыр-қайраты мен сауаты жетпеуі мүмкін. Алайда, мемлекет борышкерлердің қиыс кетуіне жол бермейді. Өйткені ана мен баланың құқығы мен мүддесі, болашағы – мемлекеттің жіті назарында. Жауапсыз ата-ананың кесірінен балалардың зардап шекпеуіне еліміз ұдайы көңіл бөліп отырады.

Борышкерлердің жауаптылығын көтеру, берешекті дер кезінде қайтару мақсатында жеке сот орындаушылар да қарқынды жұмыс жүргізуде. Алиментке байланысты міндеттемені орындауға бағытталған іс-шараның алғашқы сатысы борышкерлерге заңдық талаптарды түсіндіруді, жауаптылықты арттыруды көздейді. Осындай әңгімелесу кезінде ата-ананың ажырасуы баланың тәрбиесі мен дамуына зиянын тигізбей керектігін қаперге саламыз. Өйткені ата-анасының мінезінің үйлеспейтіндігі, өзара келіспеуіне, некенің бұзылуына баланың кінәсі жоқ. Баланы өмірге әкелген соң әкесі де, анасы да оның ештеңеден тартыпай, қатарынан қалмай өсуіне жағдай жасауы керек. Ата-анасы ажырасқан бала онсыз да жақындарының мейіріміне шөлдеп өседі. Ал алимент ең болма-са баланың қаржыдан тартылауына көмектеседі.

Өрине, осындай түсіндірулерден кейін өз міндеттемесін ешбір кешіктірмей орындайтын да бар. Алайда, жаңа отбасының бар екенін, жұмысыз қалғанын айтып, берешегін төлемей жүретіндер де жеткілікті. Шын мәнінде жұмыс таппай, қаржылық қиындыққа тап болған азаматтарға жеке сот орындаушылар да түсіністікпен көмектеседі. Әсіресе, жергілікті әкімдік, ірі компаниялар мен жекелеген кәсіп иелері бірігіп ұйымдастырған бос орындар жәрменкесі көптеген азаматтың тұрақты жұмысқа тұрып, берешегін біртіндеп қайтаруына мүмкіндік беріп отыр.

Берешекті қайтаруға байланысты келесі қадам – заңдық тетіктерді қолдануға негізделген. Мұны да борышкерлерге түсіндіру кезек күттірмейді. Себебі алимент бойынша міндеттемесін орындамаған жеке тұлғаларға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабына сай бес АЕК мөлшерінде айыппұл салу немесе 20 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту немесе тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қарастырылған. Ал лауазымды адамдарға, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма АЕК мөлшерінде айыппұл салу немесе бес тәулікке дейінгі



Дарья АЛЕКСЕЕНКО,
Алматы облысының жеке сот орындаушысы

мерзімге әкімшілік қамаққа алу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне АЕК мөлшерінде айыппұл салу жазасы қарастырылған. Бұл «алғашқы ескерту». Егер төлемдер әкімшілік жазадан кейін қалпына келтірілмесе, алимент төлемегені үшін қылмыстық жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша қолданылады. Алимент төлемегені үшін қылмыстық жауапкершілік екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейді.

Алимент бойынша берешектің ескіру мерзімі жоқ. Балалар алдындағы қарызды қайтаруда мемлекеттік алимент қорын құрып, табысты жасырған азаматтарға қатысты жазаны күшейту және сот орындаушылары мен салық органдары арасындағы автоматтандырылған өзара ерекеттесу шараларын жүзелеу кезек күттірмейді.

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА - 30 ЖЫЛ

Қазақстандық соттың қолдаушысы да, қозғаушысы да – Судьялар одағы. Судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіптік одағы ретінде белсенді қызмет етіп келе жатқан бұл қоғамдық бірлестіктің құрылып, жүйелі жұмыс жүргізгеніне отыз жыл болды.

СОТТЫҢ ҚОЛДАУШЫСЫ ДА, ҚОЗҒАУШЫСЫ ДА – СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ



Айгүл АБЛАЕВА,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

Осы отыз жыл ішінде сот саласында жүзеге асырылған небір жаңашыл идеялар мен жарқын бастамалардың басы-қасында Судьялар одағы жүргені ешкімге жасырын емес. Тәуелсіз елдің тәуелсіз сотының тұғырын биіктету мақсатында қолға алынған іс-шаралар ауқымы кең. Мұндай жұмыстар сот саласының қоғамдағы оң имиджін нығайтудан бастап, сот пен халық арасындағы ашық диалогты қалыптастыруға, судьялардың мәртебесін көтеруге, сонымен қатар, сотқа деген сенімді арттыруға негізделген. Бұдан бөлек Судьялар одағы ұдайы назарында ұстап, дәстүрлі түрде өткізіп келе жатқан шаралар сот билі-

гінің мемлекеттегі орнын айшықтап отыр.

Судьялар одағы ардагер судьяларды, сонымен бірге мерейлі жасқа толған, ерекше жетістікке жеткен судьяларды құттықтап, ынталандыруды, жақсы істерге көңіл бөлуді де назардан тыс қалдырған емес. Себебі, әріптестердің қолдауын, кейінгі буынның қоша-метін көру айрықша қуаныш сыйлап, жаңа жетістіктерге жетелейтін талассыз. Әсіресе, сот саласында жемісті еңбек етіп, құрметті доғарысқа шыққан ардагерлерге әріптестерінің ұмытпай іздегені, көңіл бөлгені ерекше әсер етеді.

Судьялар одағы әр төрт жыл сайын өтетін республика судьяларының съездерін де лайықты ұйымдастырып келеді. Әр съезд – сот саласын дамытуға серпін беретін алқалы басқосу. Ең алғашқы съездің 1996 жылы өткені белгілі. Содан бергі тоғыз съезде қаншама маңызды мәселелер талқыға салынып, көптеген реформалар қолданысқа енгізілді. Съездің сот жұмысындағы орны бөлек. Бұл басқосуға Мемлекет басшысының тұрақты қатысып, соттың өткені мен бүгінін сараптауы, ертенгі күнге нақты тапсырмалар жүктеуі қалыпты үрдіске айналған. Сонымен бірге съезд шетелдік судьялар мен қазақстандық қазыларды бір алаңда біріктіріп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беріп келеді. Әсіресе, еліміздің түкпір-түкпірінен съезге жиыналған отандық судьялардың да

бұл басқосулардан алары көп. Съезд өз ойын, өзі пікірін айтамын деген судьяларға биік тұғырын ұсынып қана қоймай, әріптестік байланыс орнатуға, шеберліктерін шыңдауға да се-

бепші болуда. Судьялар одағының өңірлердегі филиалдары да отыз жыл бойы жемісті еңбек етуде. Мәселен, Қызылорда облысындағы филиал судьялардың басын біріктіріп, көптеген жақсы істерге бастамашы болып отыр. Жыл сайын филиал оқу жылы басталарда әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардың балаларына көмектесіп, оқу құралдарын, қажетті заттарын алуға жәрдем береді. Бұдан бөлек, еліміздің әр өңірінде орын алған төтенше жағдайлар салдарын жоюға да қызылордалық судьялар белсенді үлес қосады.

Филиал сот жұмысын тұрақты, сауатты жазып жүрген журналистерді ынталандыру мақсатында «сот репортері» деп аталатын шығармашылық байқауды жыл сайын тұрақты ұйымдастыруда. Бұл сот саласын жазуға маманданған тілшілер шоғырын қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Одақ қазылардың білімін көтеру, біліктілігін арттыру істерін де назарда ұстайды. Әсіресе, бүгінгідей заманауи технология дамыған заманда Қызылорда облысының әр түкпіріндегі сот судьяларының онлайн байланыстырып, маңызды тақырыптарды талқылау, тәжірибелі судьялардың ақыл-көнісін тыңдау тұрақты қолға алынған. Міне, осындай ілімді істерге мұрындық болып келе жатқан Судьялар одағы алдағы уақытта да жақсы істердің жарысына айналды.

БІЛГЕН ЖӨН

ШЕШІМДЕРДІ ҚАЙТА ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау тәртібі Азаматтық процестік кодекстің (АПК) 55-тарауымен белгіленген. 455-баптың 1-бөлігінде көрсетілгендей, заңды күшіне енген шешімдер мен ұйғарым, қаулылар жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлардың негізінде қайта қаралады.

Егер істі қарау кезінде материалдық және іс жүргізу құқығының бұзылуы заңды күшіне енген сот актілерін апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен қайта қарауға негіз болса, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау АПК-нің 455-бабының 2,3-бөліктерінде көрсетілген нормаға негізделеді. Яғни, куәгердің жалған айғағы, сарапшының жалған қорытындысы, аудармашының әдейі дұрыс аудармауы, сонымен қатар, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан басқа құжаттар мен заттай дәлелдеменің анықталуы жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қарауға әкеледі.

Жаңа мән-жайлардың құрамы 455-баптың үшінші бөлігімен белгіленген. Оған істі қарап, шешу кезінде преюдициалдық маңызы бар сот актісінің күшін жою, сот актісі шығарылғанда негізге алынған мәмілені жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі, Конституциялық Соттың сот актісі шығарылған кезде қолданылған заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес

деп тануы, орындалуы туралы сот актісі шығарылған төрелік шешімнің күшін жою жатады. Мұндай мән-жайларды бағалауда АПК-нің 455-бабының бірінші бөлігінің жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша шешімдер, ұйғарымдар мен қаулылардың қайта қаралуы бұрын қаралған істі дұрыс шешуде айтарлықтай маңызға ие.

Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот қайта қарайды. Ал бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған апелляциялық және кассациялық сатылардың ұйғарымдарын, шешімдерін, қаулыларын жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарауды шешімді өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған сот жүргізеді. Сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз АПК-нің 458-бабының талаптарына сай жазылады.

Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды



Шынар БИДАХМЕТОВА,
Алматы аудандық №2 сотының судьясы

іске қатысқан тараптар, басқа да адамдар немесе прокурор шешім, ұйғарым немесе қаулы шығарған сотқа қайта қарауға негіз болған мән-жайлар белгіленген күннен бастап үш ай ішінде береді. Арыз ол келіп түскен күнді қоса есептегенде он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, ал апелляциялық және кассациялық сатыларда көрсетілген мерзімде қаралады.

Іске қатысатын адамдарға мұндай арыздың келіп түскені туралы хабардар етіледі. Сот отырысының өтетін уақыты тиісті түрде хабарландырылған жағдайда іске қатысушылардың келмеуі арызды қарауға кедергі болмайды.

Заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қаралуы, іске қатысты қандайда бір мән-жайдың, дәлелдеменің жан-жақты әрі толық зерттелуін көздейді. Бұл норма өз кезегінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің жоғары деңгейде қорғалуын қамтамасыз етеді.